<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Саусақ туралы жаттау: <i>Бас бармағым- атам үйдің данасы, Балан үйрек-әжем ошақ анасы, Орман терек- әкем отау панасы, Шылдыр шүмек- шешем шаңырақ ажары, Титтей бөбек-мен бәрінің базары.</i></p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Далелхан)</p>	<p>Дидактикалық ойын: <i>«Кері айт»</i> Мақсаты: Мағыналары Қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын моллайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)</p>	<p>Тіл ұстарту: (л, р) <i>Ла, -ла, -ла - ол білімді бала, Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала. Ла, -ла, -ла - жайнап тұр зой дала, Рет, -рет, -рет - бала салды сурет.</i></p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат)</p>	<p>Саусақ жаттығулары: <i>«Тық-тық» дыбыс шықты, Бас бармақ тақылдады. Артынан саусақтарының, Барлығы мақұлдады. Біз мысықпыз – мысықпыз, Бізге жақындамаңыз. Тырнауға біз дайынбыз, Бала емеспіз – мысықпыз!</i> <i>(Екі қолдың саусақтары бірге, ал кейін әр қол кезекпен үстел үстін тырнайды)</i></p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Жани)</p>	<p>Дидактикалық ойынның атауы: <i>«Көкөністер мен жемістер»</i> Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету, ойлау қабілеттерін және сөздік қорын дамыту. Ойынның барысы: Көкөністер мен жемістерді атап, екі себетке бөліп орналастыру. Балалармен жеке жұмыс: (Ерхан)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру</p>	<p>Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.</p>	<p>Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру</p>	<p>Ата аналармен бала-лары жайлы сөйлесу.</p>	<p>Дүйсенбіде кездескенше</p>

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 26.09.2022 – 30.09.2022

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Жылулық сәті: <i>Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін Бірге ойнап, бір жүрер Достарым көп,білемін!</i></p>	<p>Жылулық сәті: <i>Достарымның барлығын, Сыйлап,жақсы көремін. Алақаным арқылы</i></p>	<p>Жылулық сәті: <i>Аманбысың,алтынкүн! Аманбысың,жарқын күн! Маған жылу,жарықбер,</i></p>	<p>Жылулық сәті: <i>Достар ,бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.</i></p>	<p>Жылулық сәті: <i>Күніміз ашық болсын! Түніміз тыныш болсын! Ауамыз таза болсын!</i></p>

		<i>Жылуымды беремін.</i>	<i>Қуаныш пен шаттық бер.</i>		<i>Суымыз мөлдір болсын!</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Күз бояуы.» Міндеттері:Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «Реттік және есептік санау» Міндеттері: Балаларға реттік және есептік санаудың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Шелектерді көлемі бойынша ретімен орналастыр» Мақсаты:Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру, балалардың</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар» Міндеттері:Сөзде дауысты дыбыстар жуан не-месе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін бекіту. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу «Туісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Ойын шарты:Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады.Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді.</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» Міндеттері: Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу. Жаңылтпашты жаңылыспай айт. Не деген таңғажайып бақша бұл,</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы:«Реттік және есептік санау» Міндеттері: Балаларға реттік және есептік санаудың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Шелектерді көлемі бойынша ретімен орналастыр» Мақсаты:Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуды жалғастыру, балалардың</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауысты дыбыстар» Міндеттері:Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. «Қайтала»(доппен) дидактикалық ойыны:</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Л» дыбысы мен әрпі» Міндеттері:«Л»дыбысымен және әрпімен таныстыру.«Л»дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру. «Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны Ойын шарты:Педагог заттың суреттерін көрсетеді. – Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек.</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю» Міндеттері: Ертегі сюжеті бойынша рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Ертегі арқылы еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады:Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Издемейді тасаны. (Аю)</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: «7,8, 9 сандар және цифрлары» Міндеттері: Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту.Зейін, есте,сақтау сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. «Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны Педагог ойын шартын түсіндіреді: 9 балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі.Әрқайсысы бір-бірден алады. Ойын шартты: Дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен 1-ден9-ға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек</p>

кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.

3. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:

«Ағаш және бұта»

Міндеттері: Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай *(жапырағы, жемісі, діңі)* айыра білуге үйрету. Жақын маңда орналасқан ағаштар, бұталар мен шөптер туралы түсініктерін нығайту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету.

«Мен қандай пайда әкелемін?»

дидактикалық ойын

Ойын шарты: Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.

4. Дене шынықтыру Тақырыбы:

«Қалай спортшы болуға болады?»

Міндеттері: Екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл-қозғалыста-

– Төбеден алма қарша жауып тұр.

3. Қазақ тілі Тақырыбы:
«Алтын күз»

Міндеттері: Күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Ойын «Кім жылдам?».

Ойын шарты: Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек.

Мысалы: *Реzeңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.*

4. Музыка Тақырыбы:

«Біздің аспаптар»

Міндеттері: Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесімен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылда-

Ойын шарты: Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.

3. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:
«Күз бояуы.»

Міндеттері: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын:
«Кімде не бар?»

Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.

4. Дене шынықтыру Тақырыбы:
«Менің сүйікті жануарларым»

Міндеттері: Әртүрлі бағыт және қырқынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірулерін жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап

3. Қазақ тілі Тақырыбы:
«Көгөністер»

Міндеттері: Ақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.
«Дүкен» ойыны.

Ойын шарты: Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді.
Бала: – Сәлеметсіз бе!
Дүкенші: – Сәлеметсіз бе!

Бала: – Маған қияр беріңізші.

Дүкенші: – Алыңыз.

Бала: – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.

4. Музыка Тақырыбы:

тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау.

2. Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Заттардың адам өміріндегі маңызы. Заттар неден жасалады?»

Міндеттері: Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және сұрақ-жауап әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру
«Төртіншісі артық» дидактикалық ойын:

Ойын шарты: Педагог төрт заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырды. Бала айтылған төрт заттың біреуі артық екенін айтуы тиіс. **Мысалы:** *үстел, орындық, кереует, шәйнек. Шәйнек артық. Шәйнек – ыдыс. Үстел, орындық, кереует – жиһаз.*

	<p>рын жетілдіру. Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді. Капитандардың қолдарында доп болады (4капитан – 4 түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көзде-рін жұмады, осы кезде капитандар орындарын ауыстырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады.</p>	<p>рының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).</p> <p>Ойын шарты: Педагог шығарманы орындайды. Жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратуды үйретеді. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>еңбектеуге жаттықтыруды жалғастыру; талдап ойлау, қабылдау, үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамыту. Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (4 рет)</p> <p>Шарты: Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасына орналасады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».</p>	<p>«Күзгі серуен»</p> <p>Міндеттері: Өннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева).</p> <p>Ойын шартын: Педагог түсіндіріп, атрибуттарды пайдаланып ойнау. Қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>3.Сурет (жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)</p> <p>Тақырыбы: «Күзгі орман»</p> <p>Міндеттері: Күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету. Қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер».</p> <p>Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату. Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Дене қабілеттерін дамыту»</p> <p>Міндеттері: Бір-бірінен тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлес тіруге жаттығу. Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секі руді бекіту.</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>Кеңіс тікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшы нысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелеу.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Еркін тыныс ал, көркем ойла!»</p> <p>Ойын шарты: Бейнені көрсетіп қоймай, өз таңдауының дұрыстығын дәлел-дейді. Демін сыртқа шығарғанда, ойша бейнелертудырады.</p> <p>«Мен – мықты арыстанмын!» «Мен – ең шапшаң қабыланмын!» «Мен – жүйрік жолбарыспын!» «Мен – қайсар қасқырмын!»</p>
<p>Ойындар , дербес әрекет</p> <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Жанылтнашты жаттау: Ян-ян-ян Жүгіріп жүр қоян. Ян-ян-ян Бұл қоян емес, шаян!</p> <p>Балалармен жұмыс: (Ерхат)</p>	<p>Саусақ жаттығу жаттау: Қауынды да алдық, Тең жартысын жардық Тілік-тілік жасап Ауызымызға салдық (Саусақ ұштарын біріктіріп сопақша жасау).</p> <p>Балалармен жұмыс: (Жани)</p>	<p>Дидактикалық ойын:«Ғажайып коржын».</p> <p>Шарты:Көздерінді жұмып коржыннан кез - келген ойыншықты аласындар.Алған ойыншықтарынның атын, неден жасалғанын, түсін, айтып, жақсы тілек білдіресіндер.</p> <p>Балалармен жұмыс: (Азиз)</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығуы:</p> <p>Ма-ма-ма – құс шоқиды алма, Ме-ме-ме – балам, оған тиме, Ма-ма-ма – қасына да барма, Дай-дай-дай – құстарға сен бидай.</p> <p>Балалармен жұмыс: (Далелхан)</p>	<p>Жұмбақ шешу:</p> <p>1.Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды (Ұшақ)</p> <p>2. Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз)</p> <p>3.Сымға асылып, Жүр асығып. Дыз-дыз етіп жүреді, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді,</p>

					<i>Ол не, ал кім біледі?</i> (Троллейбус) Балалармен жұмыс: «Абинур»
Балалардың үйге қайтуы	Ата- аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Дүйсенбіде кездескенше.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Казан айы 03.10.2022 – 07.10.2022

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жылудық сәті:</i> <i>Апам мені «Айым»-дейді,</i> <i>Мен мұнайсам,уайым жейді.</i> <i>Апам мені «Күнім»-дейді,</i> <i>Мен қуансам күлім -дейді.</i>	<i>Жылудық сәті:</i> <i>Қуанамыз күлеміз,</i> <i>Бар әлемде сүйеміз.</i> <i>Қол ұстасып, қуанып,</i> <i>Достарымен бір жүреміз.</i>	<i>Жылудық сәті:</i> <i>Шақырамын сендерді</i> <i>Жолдастарым кел бері</i> <i>Толтырайық шаттыққа,</i> <i>Дөгеленген шеңберді.</i>	<i>Жылудық сәті:</i> <i>Бақыт толы шеңберге,</i> <i>Шаттық толы шеңберге,</i> <i>Қол ұстасып келдік біз,</i> <i>Жан достарымыз енді біз.</i>	<i>Жылудық сәті:</i> <i>Достар бері келіңдер,</i> <i>Қолдарыңды беріңдер.</i> <i>Шаттық толы шеңберге</i> <i>Қуанышпен еніңдер.</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің атам» Міндеттері: Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы.	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Біз нені үйрендік?» Міндеттері: Жаңылт - паштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру. Мұқияттылыққа тәрбиелеу. «Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы Асан бақша жақтан ,	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Көп-аз. Қанша - сонша» Міндеттері: Заттарды салыстыруға үйрету, заттардың көп-аз, көбірек-азырақ ұғымын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Не артық?». Мақсаты: Балаларға «біреу-артық» ұғымын бекіту, заттарды топтастыра білуге үйрету,ойлау, есте сақтау қабілет-	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Р» дыбысымен әрпі Міндеттері: Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, сөйлем құрауға үйрету,сөйлем туралы түсінік беру. Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. «Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны	1.Математика негіздері Тақырыбы: «Көп-аз. Қанша - сонша» Міндеттері: Заттарды салыстыруға үйрету, заттардың көп-аз, көбірек-азырақ ұғымын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Не артық?». Мақсаты: Балаларға «біреу-артық» ұғымын бекіту, заттарды топтастыра білуге үйрету,ойлау,есте

	<p><i>Ортан терек – әкем, отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары.</i></p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «10 саны» Міндеттері: 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойын жаттығуы: «Сана» Ойын шарты: Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды. Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші... оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Заттардың адам өміріндегі</p>	<p><i>Ақ сабақты асқабақ әкелді. Басқа жақтан, Басқарақ асқабақ әкелді.</i></p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шаруа мен аю» Міндеттері: Ертегі сюжеті бойынша рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жұмбақты шеш: <i>Тігіп алып көк шатыр, Қызыл күрең доп жатыр. (Қызылша)</i></p> <p>2. Қазақ тілі Тақырыбы: «Жемістер» Міндеттері: Күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету. Жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Көзөністер мен</p>	<p>терін дамыту. Бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Біз нені үйрендік, нені білдік?» Міндеттері: Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. «Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны Ойын шарты: – Балалар мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қайдыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы: Ана-арман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік.</p> <p>3. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің атам» Міндеттері: Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергі - зу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата»</p>	<p>Ойын шарты: Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді.</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Міндеттері: Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу. Сөздік қорын байыту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: <i>Тепсең-ақ секіріп, Ұстатпай қашады. Бір жерге бекініп, Тұра алмай жатады. Ол не? (Доп)</i></p> <p>2. Қазақ тілі Тақырыбы: «Жидектер» Міндеттері: Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық</p>	<p>сақтау қабілеттерін дамыту. Бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?» Міндеттері: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру. Жануарлар әлемін сүйуге баулу. «Ойлан, тап» дидактикалық ойын Ойын шарты: Педагог қоршаған ортадағы заттарды атайды. Балалар сол нысандардың тіршілік ететін ортасын немесе тұрған жерін атап көрсетеді. П: Қасқыр қай жерде жүреді? Б: Орманда, далада, хайуанаттар бағында. П: Тағы қай жерден кездестіруге болады? Б: Ертегіден, мультфильмнен, егер ойыншық болса, сөреден...</p> <p>3. Жапсыру</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>маңызы. Заттар неден жасалады?» Міндеттері: Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және сұрақ-жауап әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. «Көп ойла, сөз ойла» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доппен ойнап, көңіліңді көтер!» Міндеттері: Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды үйретуді жалғастыру, саусақтарды ашып, допты қағып алу шеберліктерін дамыту. 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруге</p>	<p>Ойын шарты: Қоржындағы көгөністерді бөліп алады, қайталап, сипаттайды (көлемін, түсін). Білетін жемістерді атайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p>4. Музыка Тақырыбы: «Күзгі серуен» Міндеттері: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету. Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева). Ойын шартын: Педагог түсіндіріп, атрибуттарды пайдаланып ойнау. Қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>Ойын шарты: Жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз әртүрліміз» Міндеттері: Саусақтары мен допты ширақ домалату шеберліктерін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен ептінен жатып еңбектеуге жаттықтыруларын жалғастыру, қолдарын ширақ бүгіп, денесімен тартылу, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын және қол бұлшық еттерін дамыту. Бір-бірімен жылы қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. «Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы. Ойын шарты: Шеңбер бойынатырады. Балалардың біреуі ортағы шығып: «Мен сұлумын!» – деп айтады. Қалған балалар қимылмен «Біз сұлумыз!» – деп хормен айтады. Осыдан кейін келесі бала басқа сөздерді айтады.</p>	<p>жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт» Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? – Жидектер. – Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? – Жемістер. – Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? – Көгөністер.</p> <p>4. Музыка Тақырыбы: «Күз жомарт» Міндеттері: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығын дамыту. Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев). Ойын шарты: Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер</p>	<p>(сурет, мүсіндеу, құрастыру) Тақырыбы: «Кемпірқосақ» Міндеттері: Жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру. Доғал сызық бойымен қиюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету. «Жер, су, от, ауа» ойыны. Шарты: Шеңбер құру. Ортада бастаушы доп лақтырады, егер ол «жер» десе, айнала тұрған балалар жерде мекендейтін, «су» десе суда мекендейтін жануарларды, «ауа» десе, құстарды айтады. «От» десе, ұстаймайды. Қателесе, айыбын төлейді.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Зейінді боламыз» Міндеттері: Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>жаттықтыруды жалғастыру, кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қоғам мен балалар ұжымының маңызды бір бөлігі екенін сезіндіру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шеңбер»</p> <p>Ойын шарты: Ойын бойы жұптарын ауыстырмаған ойыншыларды мадақтайды. Ойыншылар екі-екіден құрсау ішіне кіріп, үлкен шеңбер құрып тұрады. Ойыншылардың біреуі осы үлкен шеңбердің ортасында тұрады. Ол белгі бойынша құрсау ішінде тұрған бір баланың орнын тартып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала ортаға тұрып, ойын қайтадан жалғасады.</p>			<p>бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан»</p> <p>Ойын шарты: Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді.</p> <p>«Аңшылар»: «Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!»</p> <p>деген такпақты хормен айтып, қолдарын түсіреді. Қақпан ішінде қалып қойған «қасқырлар» ойыннан шығады.</p>
<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Тақпақты жаттату: «Р»-ға тілің келе ме? Қаламқасқа «тұр», - деші, Қарындашқа «жүр», - деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші, Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Жемістерді жина»</p> <p>Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге ойлау қабілеттерін дамыту және сурет арқылы әңгіме құрастыруға үйрету , сөздік қорын дамыту.</p> <p>Құрал – жабдықтары: Себеттер және көкөністер мен жеміс-жидектердің суреттер жабыстырған қақпақтар.</p> <p>Ойынның барысы: Балаларға себетке көкө-</p>	<p>Санамақ жаттату: Біздің үйде бір тауық, Бір жұмыртқа жүр тауып. Бір сиыр бар қорада, Бәтеш тәтем жүр сауып.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығуы: Ма-ма-ма – құс шоқиды алма, Ме-ме-ме – балам, оған тиме, Ма-ма-ма – қасына да барма, Дай-дай-дай – құстарға сеп бидай.</p> <p>Қол моторикасын дамытуға арналған ойындары. Ілгек, моншак арқылы жазу.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Үйдің суретін аяқтап, боя»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Далелхан)</p>

		ністер мен жеміс-жидектерді бір-бірінен ажыратып жинау және аттарын атай білу. Балалармен жеке жұмыс: (Азиз)		Балалармен жеке жұмыс: (Ерхан)	
Балалардың үйге қайтуы	Ата- аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Дүйсенбіде кездескенше

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 10.10.2022 – 14.10.2022

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жылулық сәті: Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар</i>	<i>Жылулық сәті: Арайлап таң атты, Қайырлы таң балалар! Алтын шапақ таратты, Әлемде нұр тыныштық, Әрбір бейбіт күн ыстық!</i>	<i>Жылулық сәті: Ерте тұрып күнде мен, Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен, Шаттық әнге саламын.</i>	<i>Жылулық сәті: Қайырлы таң, құсқа, аңға да, Қайырлы таң ,жайдары жанға да, Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын!</i>	<i>Жылулық сәті: Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Қорыққанға қос көрінеді.» Міндеттері: Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету.Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы:«Қатаң дауыссыз дыбыстар» Міндеттері: Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға	1. Математика негіздері Тақырыбы:«Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» Міндеттері: Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «О» дыбысымен әрпі Міндеттері:«О»дыбысымен және әрпімен таныстыру. «О»дыбысы дауысты дыбыс екенін түсіндіру.Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыту.	1.Математика негіздері Тақырыбы: «Теңдік.Ойлап отырыпойна» Міндеттері: Баланың даму деңгейін,заттарды санына ұғымдарын таныстыру,көрсетілген сурет бойынша дағдыларын жетілдіру.

<p>Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».</p> <p>Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.</p> <p>2.Математика негіздері Тақырыбы: «Заттардың өлшемі бойынша салыстыру» Міндеттері:Әртүрлі заттар ұзындығы (<i>5 және одан да көп</i>), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында <i>«үлкен – кішкентай»</i>, <i>«артық – кем»</i>, <i>«өлшемі бірдей»</i>, түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру. Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Олармен жақынырақ танысайық».</p> <p>Ойын шарты:Педагог балаларға <i>«үлкен – кішкентай»</i>,<i>«түс»</i>, <i>«алдында – артында»</i>, <i>«алды»</i>, <i>«арасында»</i>, <i>«жанында»</i> деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі.Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген</p>	<p>дағдыландыру. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.</p> <p>«Туісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтады: <i>n, a, k, q, o, t, c, э, ф, i, ш, щ, h, ц.</i>Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді.</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы:«Менің ойыншықтарым» Міндеттері: Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу.Сөздік қорын байыту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»</p> <p>Ойын шарты: Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.</p> <p>3.Қазақ тілі Тақырыбы: «Ойнайықта ойлайық» Міндеттері: Меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ойлау қабілетте-</p>	<p>заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындық -тағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу</p> <p>Логикаға арналған ойын жаттығулары.</p> <p>Ойын шарты:Бал - дың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:</p> <p>1.Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек.</p> <p>Ең жалпақ таспа қайсысы?</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Ұя дауыссыз дыбыстар» Міндеттері: Ұя дауыссыз- дарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұя дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дыбыстық талдау жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p>«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны</p> <p>Ойын шарты: «О» дыбысынан басталатын сөздер ойлап тап.</p> <p>2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әкесі мен балалары» Міндеттері: Әңгіменің кейіпкерлерімен таныстыру.Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өз ойын айта білуге, басқаның пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Мақалды жаттап ал. «Бірлік болмай, тірлік болмас.»</p> <p>Мақалдың мағынасын педагог</p> <p>«Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та болады»,– деп түсіндіреді.</p> <p>4. Қазақ тілі Тақырыбы: «Неше? Санау» Міндеттері: Санамақ - таржаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни</p>	<p>Логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>«Қызықты логикалық ойындар» ойыны:</p> <p>Мақсаты:Балаларды қызықты логикалық «Қызықты логикалық ойындар» ойнауды үйрету. Ойлау ,есте сақтау, логикалық қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу7</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды».</p> <p>Міндеттері: Әртүрлі мамандық иелерінің еңбегінің маңызын және олардың қажеттігін ұғындыру.Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру.Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>«Не бұрын?» ойыны</p> <p>Ойын шарты: Педагог балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек</p> <p>3.Мүсіндеу (сурет, жапсыру,кұрастыру) Тақырыбы:«Себет»</p>
--	--	---	---	--

суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды.

3.Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы:

«Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?»

Міндеттері: Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.

«Уақыт пойызы»

дидактикалық ойыны:

Ойынның шарты:

Педагогтің қолында бір нысанның жылдың әр мезгілін- дегі суретіне қатысты 4-5 сурет бар. Соның негізінде **«Уақыт пойызын»** құрастыруды ұсынады.

Мәселен:

П: Міне, мынау жапырақ жап-жасыл. Оған арнап **«Уақыт пойызын»** құрастырыңдаршы, балалар. **Балалар бір қатарға тұрады:** Алдымен ашық жасыл түсті кішкентай жапырақ, оның артына үлкен жасыл жапырақ, сары жапырақ, жерге үзіліп түскен жапырақ тұрады.

4.Дене шынықтыру Тақырыбы:

рін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту-ға жаттықтыру. Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу **«Қызық екен» ойыны**
Ойын шарты: Балалар 2 топқа бөлінеді. Педагог бала-ларға түрлі түсті суреті бар парақтарды тарата-ды. Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топ-тар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай.

4. Музыка Тақырыбы: «Күз жомарт»

Міндеттері: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғампаздығындамыту.

Ойындар, хороводтар:

«Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев).

Ойын шарты: Педагог ойын шартын түсінді-

«Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос»

дидактикалық

жаттығуы

Ойын шарты: Педагог сендерге бірінші сөзді айтады, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек.

Мысалы: *үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жоллақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон).*

3.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қорыққанға қос көрінеді.»

Міндеттері: Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.

"Г" "К" дыбыстары қай буында кездесіп тұрғанын айтындар:

Гү-лім, кө-гім.

Гү-ріл, жү-гір.

Кө-лік, кө-лең-ке.

Ке-се, кес-те.

3.Дене шынықтыру

Тақырыбы: «Командалық эстафеталар»

Міндеттері: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жат-

сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.

Ойын: «Баспалдақпен жоғары

көтеру».

Ойын шарты: Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).

4. Музыка

Тақырыбы:

«Күзгі жаңбыр»

Міндеттері: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.

Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев).

Педагог өлең жолдарын оқиды.

Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың, Жауды жаңбыр төк-төк, Шелек-шелек көп, көп. Жон

Міндеттері: Баларды әртүрлі пішінді заттар-ды мүсіндеуге үйрету. Ермексаз кесектерін үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып себетті мүсіндей алу білімдерін бекіту; дамытушылық: ұсақ қол моторикасын дамыту; жұмыс барысында таза-лыққа, бір-біріне өзара көмек көрсету-ге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.

«Жемістер мен көкөністер» ойыны.

Ойын шарты: әр балаға жеміс, көкөністердің суреттері таратылады. Олардың түр, түсі, пішіні, дәмі, көлемі, қайда өсетіні айтылады. Сөздерді буынға бөлгізу.

4.Дене шынықтыру

Тақырыбы:

«Ерекше сабақтар»

Міндеттері: Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту. Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап,

	<p>«Бірінші бол!» Міндеттері: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, мәнерлі сап түзу, жүру түрлерін орындау. Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/ бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту.</p> <p>«Шашырап жүру» ойын-жаттығуы: Ойын шарты: Жүру, зал ішінде аяқтың ұшымен жүгіру, тізбекке, сапқа тұру. Екі-екіден тізбекке тұрады.</p>	<p>реді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, ән мәтініне сай қимылдар жасайды. Ойынға белсене қатысуға, әуен ырғақтырын ажырата білуге үйрету.</p>	<p>тықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту. Ептілікті, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп секіруді, күштілікті дамыту. Жаттығуларды уақытқа сыдырып, кеңістікті дұрыс болжай отырып, дұрыс әрі тиімді орындай білуді жалғастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мүсін». Ойын шарты: Балалар залда шашырап жүреді. «Тоқта!» деп белгі берілгенде, олар бір мүсінге ұқсап, «қатып қалады». Ең әдемі, қызықты «мүсіндерді» атап өту керек.</p>	<p>арқанды тос, тос, Күнбағыс, тез өс, өс. Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді</p>	<p>допты қағып алу шеберліктерін дамыту. Саусақгимнастикасы «Сәлем! Сәлем! Сәлем! Сәлеметсің бе!» деген сөздерді әндетіп, бас бармақтарының ұштарын барлық саусақтарының ұштарына тигізіп шығады. Алдымен оң қол саусақтарын, сонан соң сол қол саусақтарымен орындайды.</p>
<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қандай ағаштың жапырағы?». Мақсаты: Шашылған жапырақтарды тиісті ағашпен сәйкестендіру керек.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Жани)</p>	<p>Жаңылтпашты жаттату: Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Пішініне сәйкес заттарды тап» Мақсаты: Аталған геометриялық пішінге сәйкес заттарды топ ішінен табу керек.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Ерхан)</p>	<p>Нейро-моторлық жаттығу: Мақсаты: Әрбір жаттығуды орындағанда, баланың ойлау жүйесі, есте сақтау қабілеті, зейіні, логикасы дамиды.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат)</p>	<p>Дидактикалық ойыны «Менің досым» Мақсаты: Бір-бірімен дос болу керек екенін түсінеді. Ойын шарты: Допты лақтырып, қағып алған баладан досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау. Мақал- мәтел, тақпақ сұру. Балалармен жеке жұмыс: (Азиз)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.</p>	<p>Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру</p>	<p>Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.</p>	<p>Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру</p>	<p>Дүйсенбіде кездескенше</p>

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 17.10.2022 – 21.10.2022

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жылулық сәті: Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, «Кеш жарық!» - деп кіремін.</i>	<i>Жылулық сәті: Армысың қайырымды аспан ата, Армысың қайырымды жер ана, Армысың қайырымды алтын күн, Куан, шатан, алақай Келді міне, жарқын күн.</i>	<i>Жылулық сәті: Қайырлы таң, қайырлы күн Қайырлы таң, қайырлы күн. Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық</i>	<i>Жылулық сәті: Армысың, шұғылалы нұрлы күн! Армысың қасиетті Жер – ана! Армысыңдар менің достарым. - Күніміз жарқын болсын! - Аспанымыз ашық болсын! - Деніміз сау болсын! - Күніміз сәтті болсын!</i>	<i>Жылулық сәті: Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.</i>	<i>Жылулық сәті: Күн жылуын аямасын, Шуағын аяласын. «Достық» деген бәйтеректі Барлық бала саяласын</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Отбасының күзгі еңбегі» Міндеттері: Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Үнді дауыссыз дыбыс» Міндеттері: Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға	1. Математика негіздері Тақырыбы: «Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш» Міндеттері: Геометриялық фигура – тік-	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Т»дыбысы мен әрпі Міндеттері: «Т»дыбысымен және әріпмен таныстыру. Үсті мен астыңғы	1.Математика негіздері Тақырыбы: «Дөңгелек және сопақша» Міндеттері: Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және	1.Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Міндеттері: Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

<p>Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады, балалар қандай дыбыс екенін тауып айтады. А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, з, т.б</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірімді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. Ойын жаттығуы: «Сана» Ойын шарты: Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын</p>	<p>екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу Дидактикалық ойыны: «Кім зерек» Ойын шарты:– Балалар, көк түсті төрт- бұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларына алындар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: Қатаң дыбыстар: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ. Ұяң дыбыстар: б, в, з, г, д, ж, з. Үнді дыбыстар: й, л, м, н, ң, р, у.</p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері:Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жұмбақты шеш. Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар)</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері:Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.Сөздік қорларын жаңа сөз - дермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күн-</p>	<p>Ойын шарты: Балалар жиынтықтан заттар тобын құруды қалай үйренгенін тексеру үшін, тапсырманы жұппен орындауды ұсынады. Әр балада белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер). Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы, 3). Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай фигура көрсетеді. - Әрқайсысында неше фигура бар? (3). - Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең). Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды. Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Міндеттері:Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу. Дидактикалық ойын: «Артығын тап» Ойын шарты: Педагог бір – біріне ұқсас сөздерді айтады, балалар сөздердің лексикалық</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды!» Ойын шарты: Педагог ортада тұрған балаға сөйлем айтады, сөйлем соңын балалар болады, болмайды сөздерімен жалғастырып айтады.Қа- телескен жағдайда, келе- сі бала жалғастырады. Нан қоқымын шашуға... Қатты дауыстап сөйлеуге Үлкенге сәлемдесуге Кіші балаларды ренжітуге Досына көмектесуге Топта жүзгіруге Апайды тыңдауға Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері: Әуеннің сазын, ырғағын сезінуге, өз даусын басқара білуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата.» Суретте не бейнеленген? Сен Нұр-Сұлтан қаласында болдың ба? Сурет бойынша саяхат жасайық. Мақалдың мағынасын түсініп ал.</p>	<p>Ойын шарты: Балалар жиынтықтан заттар тобын құруды қалай үйренгенін тексеру үшін, тапсырманы жұппен орындауды ұсынады. Әр балада белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер). Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы,3). Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай фигура көрсетеді. - Әрқайсысында неше фигура бар? (3). - Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең). Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды. Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау. Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін есте сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>
--	--	--	---	---

<p>белгілейтін карточканы салындар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «⇒» белгісін қоюға болады</p> <p>3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері:Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. Сұрақ-жауап әдісі арқылы зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Балаларға тақпақ жаттату: <i>Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем! Құшағында қаулап өскен гүлі ертең. Отаным деп мен өзіңді сүйемін, Абыройыңды асқақтатам мен ертең.</i></p> <p>4.Дене шынықтыру Міндеттері:Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бас-</p>	<p>делікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көп түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Жалғастыр». Ойын шарты:Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала). Кө... (көше). Та... (таза). Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.) Нұр-Сұлтан – ... (Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p> <p>4.Музыка Міндеттері:Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырымасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес</p>	<p>мағынасына қарай артық сөзді табады. 1.Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. (аю) 2.Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) 3.Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) 4.Колгап, көйлек, шалбар, етік.(көйлек) 5.Май, шай, нан, қант, қасық.(қасық)</p> <p>3.Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады, балалар қандай дыбыс екенін тауып айтады. А-а-а, ә-ә-ә.Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г, б</p> <p>4.Дене шынықтыру Міндеттері:Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. Өкшемен отырып, ұсақ заттарды лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін бекіту. Көз мөл-</p>	<p>«Туған жерге туыңды тік.»</p> <p>3.Қазақ тілі Міндеттері: Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауыз екі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырым -дылыққа тәрбиелеу. Педагог жұмбақ жасырады. Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (Құлпынай)</p> <p>Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде).</p> <p>Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Тікірейін құлағы,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Жануарды қоректендір» Ойын шарты: Балалар 2 командаға бөлінеді. 1-ші команда жануардың атауын атайды, 2 - ші оның немен қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).</p> <p>3.Жапсыру (сурет, мүсіндеу, құрастыру) Міндеттері:Қағаздық ақпаратты біктей арқылы жапырақтың жиектерін иректеліп қиюды үйрету.Заттарды дұрыс орналыстыруға үйрету; қол қимылдарын арттыру. Жұмбақ жасыру: Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)</p> <p>4.Дене шынықтыру Міндеттері:Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қоз -</p>
--	--	---	--	--

	<p>тапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. Қимыл қозғалыс тапқырлығын, көзмөлшері мен спорттық құрал-жабдықтарын қолданғанда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын дамытуды жалғастыру.</p> <p>Қимылды – ойын: «Мерген имек ағаш». (3 рет)</p> <p>Ойын шарты: Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Иmek ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.</p>	<p>қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды.</p>	<p>шерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын ояту.</p> <p>Қимылы азойын: «Үндемес» ойын (Тәжік халқының ойыны) Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағын- да отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінен екінші жағын- да тұрған балаға көрсетеді.</p> <p>Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпаз атанады.</p>	<p>Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық)</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Балаларды ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Ортаға бір бала шығады да, барлық балалар сол қимылдарды қайталайды. Көңілді әуен сипатына сәйкес тізбектеле, аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, секіру, қол ұстасып, шеңбер бойымен айналу қимылдарын алмастыра отырып, өз таңдауы бойынша ырғақтық қимылдар орындау. Би шығармашылығына баулу.</p>	<p>ғай білу шеберліктерін дамыту. Із салынған суреттің үстін басып жүруге жаттықтыруды жалғастыру. Баланың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру және адамгершілікке, экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (3 рет) Ойын шартын естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тымерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкемкеп».</p> <p>Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.</p>
<p>Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Жаңылтпаишты жаттату: Қанат қанағаттанарлық баға алды,</p>	<p>Санамақ жаттау: Төрт дөңгелек арбада, Төрт аяқ бар малда да. Тауыса алмай бидайды, Төрт тышқан жүр қаңбада.</p>	<p>Тіл ұстарту: Ақ-ақ-ақ, Тастан-тасқа секірді лақ, Ма-ма-ма, Лақты қораға қама.</p>	<p>Жұмбақтарды шешу: Дәні сондай тәтті. Шағын қара таңдап, Оның аты (Жаңғақ)</p>	<p>Жаңылтпаишты жаттату: Зура зурнада ойнайды, Зурнада бір ғана Зура</p>

	<i>Қанағат қанағаттанарлықсыз баға алды. Бірқатар қада қада, Қадаларды қатар-қатар қада.</i> Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)	Балалармен жеке жұмыс: (Далелхан)	<i>Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым таң. Рақ-рақ-рақ, Керек маған тарақ. Уық-уық-уық, Қорада тұр тауық.</i> Балалармен жеке жұмыс: (Ерхан)	<i>Дөп дөңелек сары, Ішінде дәні бар. Қызығасың көріп, Оның аты (Өрік)</i> <i>Жапырақты тасалап, Өсетін жері бақша бау. Күрең қызыл шіркінай, Оның аты (Құлпына)</i> <i>Жатып жерде желіндейді түскенше желінбейді (Қауын)</i> Балалармен жеке жұмыс: (Жани)	<i>ойнайды деме, Зара да, Зере де зурнада ойнайды. Инелік илеуде иленбейді. Итбалық итмұрынды иіскемейді. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай.</i> Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Картотека № 1	Картотека № 2	Картотека № 3	Картотека № 4	Картотека № 5
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!!

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан 12.12. – 15.12.2022 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»</i> Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңы- райды: <i>Сиыр моңірейді:</i> <i>Жылқы кісінейді:</i> <i>Түйе боздайды:</i> <i>Ешкі бақырады:</i> Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады.</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Қысқы ойындарды ата»</i> Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру. Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері, қыстырғыштар. Ойынның барысы: Педагог балаларға суреттерді көрсете отырып, сұрақ қояды. Балалар суреттерді тауып, қыстырғышпен қыстырып, сұрақтарға жауап береді, әңгіме құрастырады.</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Қандай көлік»</i> Мақсаты: Көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру. Шарты: Көліктердің суреттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтау</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Түсі бойынша жина»</i> Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, оларды таңдап алу, бөлшектерден тұтасты құрастыру іскерлігін дамыту. Құрал-жабдықтары: Геометриялық пішіндер Ойынның барысы: Геометриялық пішіндерден түсі бойынша бірнеше бейнелерді жинайды</p>	
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> Өсті ақыл, ойларың, Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз.</p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> Мына сұлу әлемде, Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді.</p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу!</p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> Қайырлы таң, апай! Қайырлы таң, досым! Қайырлы күн болсын. Күннің әр кезі, Сәттілікке толсын!</p>	
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлке, Отанды сүйуге баулу. <i>Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой».</i> Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. 2. Математика негіздері</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. <i>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны</i> арқылы логикалық ойлауларын дамыту. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу. <i>Дидактикалық ойыны: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»</i> Ойын шарты: Педагог балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті</p>	<p>1. Математика негіздері Міндеттері: Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбие</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Сөздермен жаттығулар. <i>Дидактикалық ойыны:</i></p>	

Міндеттері: Келесі санды *1-ді* қосу (+) арқылы және *1-ді* (-) азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден *1-ді* (+) және *1-ді* (-) арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қабылдастыру. *1-ді* (+) және азайтуды үйрету. *10-ға* дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Ойын жаттығуы:
«Жазбаны шеш». Ойын шарты: Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.

3. Қоршаған ортамен таныстыру

Міндеттері: Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Құрбы-құрдас -тарымен және ересектермен қарым - қатынас жасай білуге тәрбиелеу.

«Қардың қасиеттері» атты тәжірибе алдық жұмысқа тарту арқылы (әліппе-дәптердегі тапсырма) балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады. Әліппе-дәптердегі суретті мысалға ала отырып, тәжірибе өткізеді.

Қардан түрлі заттар, пішіндер жасайды.

атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталтын сөз жалғайды.

Мысалы: доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), алма ... (дәмді), кітап ... (қалың), шырша ... (биік).

2. Көркем әдебиет

Міндеттері: Әуеннің сазын, ырғағын сезінуге, өз даусын басқара білуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу

Дидактикалық ойын:
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата.»
Суретте не бейнеленген? Сен Нұр-Сұлтан қаласында болдың ба?
Сурет бойынша саяхат жасайық.

Мақалдың мағынасын түсініп ал.
«Туған жерге туыңды тік.»

3. Қазақ тілі

Міндеттері: Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Алматы

леу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

Дидактикалық ойыны:
«Сонша жина»

Ойын шарты: Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады

2. Сауат ашу негіздері

Міндеттері: «Қ» дыбысымен таныстыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буындарға бөлгізу. Тапсырмадағы суретті жалғастырту арқылы зейіндерін дамыту. Саусақ моторикасын дамыту.

Дыбыстармен жаттығулар.
Дидактикалық ойын:
«Дұрыс көрсет»
Ойын шарты: Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз

«Бірінші дыбысты анықта»

Ойын шарты: Педагог, суреттерді көрсетеді, суреттегі бейнеленген - дердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар.

Мысалы: ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і).

– Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатынын).

– Оны қайдан білдік?

2. Көркем әдебиет

Міндеттері: Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын:
«Кім жылдам».
Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады.

– Туған жерге туыңды ... (тік).
– Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы).

2. Қазақ тілі

Қар үгілгіш (бірікпейді). Жылынып, аздап еріді, қар жабысқақ болды. Қар ақ түсті. Бірақ оны бояуға болады! Қарға су құйса еріп кетеді. Қарды түтікшеден өткізуге болмайды.

4. Дене шынықтыру

Міндеттері: Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Заттар арасымен және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүру- ге жаттықтыру. Бір-біріне көмекке келуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Қимылды ойын:

«Құмырсқалар соқпақпен келеді».

Ойын шарты: Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. *«Артқа бұрыл!»* бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттар арасымен (*томаршалар*) және заттарды аттап жүру және жүгіру.

қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын: *«Жалғастыр».*

Ойын шарты: Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.

Қа... (қала).

Кө... (көше).

Сая... (саябақ).

Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).

4. Музыка

Міндеттері: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Балаларды ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Ойындар, хороводтар: *«Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан).* Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.

дыбыстарды ажыратады.

Мысалы: *й, ц, к, е, н, г, ш, ш, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.*

Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді.

Мысалы: *а, о, ұ, ы, ә, ө, е, э, і, у, и, ү, у*

3. Сөйлеуді дамыту

Міндеттері: Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлке, Отанды сүюге баулу.

Дидактикалық ойын:

«Қажетті тыныс белгілерін қой».

Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою.

4. Дене шынықтыру

Міндеттері: Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін жетілдіру. Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын тастыру, айналаға және өзін қоршаған адам-

Міндеттері: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. Қоршаған ортаны бақылату, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Дидактикалық ойыны:

«Аудармасын айт» Ойын шарты: Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударды.

Зима – қыс.

Қар – снег.

Снеговик – аққала.

Мұз – лед.

Замерзает – қатады.

Шана – сани.

4. Музыка

Міндеттері: Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: *«Сағат» (Е. Андосов).* Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен то-

			дарға қайырымды болуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағзып ал» Ойын шарты: Үш тізбекке тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар допты жүргізушіге қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді.	пылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.	
Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?». Мақсаты: Бөлме ішіндегі заттардың неге ұқсайтынын ажыратып, айта білуге үйрету. Балалармен бөлме ішіндегі пішіндерге ұқсас заттардың суретін салу дағдысын дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)	Санамақ жаттау: Бестік деген бағаны, Бақыт күнде алады. Бәрі жақсы көреді, Беске оқыған баланы. Балалармен жеке жұмыс: (Ерхан)	Дидактикалық ойын: «Үлкен және кішкентай машиналарға көкөністерді салайық» Мақсаты: Балаларға көп, аз ұғымдарын таныстыра отырып ойын арқылы үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат)	Жаңылтпашты жаттау: Кермеде тұр қырық кір қыстырғыш, Қырық кір қыстырғышқа Қырық қыз келіп, кір қыстырды. Балалармен жеке жұмыс: (Жани)	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Картотека № 6	Картотека № 7	Картотека № 8	Картотека № 9	
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!!	

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Желтоқсан айы 19.12. – 23.12.2022 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»</i> <i>Мақсаты:</i> Балалардың сөздік қорын ойыншық сөздермен толықтыру, логикалық ойлауын дамыту, зейін қоя білу қабілетін жетілдіру. <i>Құрал-жабдықтары:</i> Ойыншықтар бейнеленген суреттер <i>Ойынның барысы:</i> Ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.	<i>Дидактикалық ойын: «Жануарларды қалай күту қажет?»</i> <i>Мақсаты:</i> Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту. <i>Ойыншарты:</i> Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Өр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді. - Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық: Жануарларды жақсы көру керек. Жануарларды күту керек. Уақытында тамақтандырып, серуен-	<i>Нан дастарханға қалай келеді?»</i> <i>Мақсаты:</i> Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диканшылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диканшы, комбайн, элеватор, диірмен. <i>Көрнекіліктер:</i> егін даласына қажетті суреттер <i>Ойын шарты:</i> Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.	<i>Дидактикалық ойын: «Қай аспап жоқ?»</i> <i>Мақсаты:</i> Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту <i>Ойынның барысы:</i> Педагог тақтаға музыкалық аспаптардың суреттерін іледі, балалар сурет- терді көреді, көздерін жұмады, көздерін ашқанда қай суреттің жоқ екенін табу керек. <i>Көрнекіліктер:</i> Музыкалық аспаптар бейнеленген суреттер	<i>Дидактикалық ойын: «Не қайда тұр»</i> <i>Мақсаты:</i> кеңістікті дұрыс бағдарлауға үйрету. Айналадағы заттарды дұрыс атауға үйрету. <i>Шарты:</i> суреттегі заттардың қай жақта орналасқанын табу.

		ге шығарып отыру керек. Олармен ойнау керек. Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды Көрнекіліктер: үй жануарлары мен дала жануарларының суреттері			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: <i>Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз</i>	Жылулық сәті: <i>Жылы-жылы жүзбенен, Күлімдейін қарайын. Жылы-жылы жүзбенен, Жүрегімді сыйлайын. Амандасып өзіңмен, Құшақтасып алайын.</i>	Жылулық сәті: <i>Аспанда күн жарқырайды алақай. Атқан таңға иіліп бір сәлем беріп, Бақыт тілеп бір- бірімізге осылай. Қайырлы таң! Қайырлы күн!</i>	Жылулық сәті: <i>Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, бәрімізде біргеміз</i>	Жылулық сәті: <i>Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыру». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта. 2. Математика негіздері Міндеттері: 4 санының пайда болуы, құрамы.4	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. Ойын-жаттығуы: «Жұп құр» Ойын шарты: Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады.	1.Математика негіздері Міндеттері: Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік». Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. Дидактикалық ойын: «Дөңгелекті құрастыру» Ойын шарты: Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөлік -	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. Білімпаз болуға тәрбиелеу. Дидактикалық жаттығу: «Сөздерді буынға бөл» Ойын шарты: –Педагог заттардың атын айтады, балалар қол шапалақтау арқылы буынға бөледі. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-	1.Математика негіздері Міндеттері: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке баулу. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар.

<p>цифрымен таныстыру.4 цифрын жаза білуге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойыны: «Шашыраңқы сандар»Ойын шарты:Педагог ойын шартын түсіндіреді: 4 балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әр қайсысы бір-бірден алады. Шартты дабылбойынша <i>«тірі»</i> цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. <i>«Тірі»</i> цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.</p> <p>3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері:Суреттер арқылы еліміздің рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу. Әр рәміздің мән-мағынасын әңгімелету арқылы зейіндерін дамыту. Өз елінің тарихын білуге деген -қызығушылықтарын арттыра отырып, елжандылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізiк, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине</p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері:Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: <i>«Кім жылдам».</i> Ойын шарты: Мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады. – <i>Туган жерге туыңды ... (тік).</i> – <i>Батыр тұса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (жер ырысы).</i></p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері:Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>терден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. – Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз. – Оны қалай жасауға болады? (<i>жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз</i>). Сосын 4 бөлікке. (<i>жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз</i>) Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (<i>жарты, ширек</i>). – Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты? (<i>Екі кішкентай тіктөртбұрыш</i>). – Ал шаршының төрттен бірі? (<i>Ол да шаршылар, бірақ кішкентай</i>). – Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Міндеттері:«Ұ» әрпімен таныстыру, «Ұ» дыбысының жуан айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p>	<p><i>даш, ар-ба, тор-ғай, томы-құс, ұ-шақ, ба-рабан, сый-лық, тас-ба-қа</i></p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері:Көркем тілдік дағдыларды қолдана білуін бекіту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Ойын-жаттығу: <i>«Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».</i> Мақсаты:Балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал:Қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты: Балалар 2топқа бөлінеді, 1-ші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды.</p> <p>3.Қазақ тілі Міндеттері: Ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің</p>	<p>3 дөңгелекті алып таста -дыңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс: Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигура-раларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Міндеттері:Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайымғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Тірі нысандарға адамгершілік қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: <i>«Бұл қай құс?»</i> Мақсаты: Балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ құсты суреттейді (<i>немесе жұмбақтар жасырады</i>), ал, екіншісі оның қандай құс екенін табуы тиіс.</p>
--	---	--	--	---

	<p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру. Қозғалыс ойындары: «Сағат» Ойын шарты: Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (<i>сағат тілімен, сағат тіліне қарсы</i>).</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Алтын сақа». Ойын шарты: Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша ертегінің тақырыбын айтады. Екінші балаға сақаны береді – қолғапқа бірінші келген кейіпкерді атайды, солай балалар сақаны бір – біріне беріп кейіпкерлерді атап шығады.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының элементтерін жасау.</p>	<p>Дыбыстармен жаттығулар. Дидактикалық ойыны: «Кім білгіш?» Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Мысалы: <i>б, л, р, ө, т, и, м, с, о, з, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i></p> <p>3. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқтау.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Қимыл-қозға-</p>	<p>сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: Сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту. Ойынның шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы: <i>Түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ)</i></p> <p>4. Музыка Міндеттері: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу. Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» ойыны, музыка аяқталғанша бөлшектерден суреттерді құрастыру. Педагог ойын шартын түсіндіреді.</p>	<p>Содан кейін орында - рымен ауысады</p> <p>3. Құрастыру (сурет, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттері: Қалдық заттардың түрлерімен таныстыру, оларды пайдалана білуге үйрету. Кіндер қауашақтарынан аңдардың бей-несін жасай білуге үйрету; сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» Ойын шарты: Педагог балалардың назарын әртүрлі жануарлардың ойыншығына аударады. Ойыншықтарды көрсетіп отырып, балалар қай жануар қалай дыбыстайтынын айтып береді.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін қалыптастыру. Өмірге, қоршаған ортаға деген</p>
--	---	--	---	---	---

			<p>лыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойын: «Төбешіктен-төбешікке».</p> <p>Ойын шарты: Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.</p>		<p>жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.</p> <p>«Қи қоңыз» ойын-жасаттығуы</p> <p>Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру. Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Белгіленген жерге жеткен соң, орындарына жүгіріп қайтып келеді</p>
<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қашан болады» Мақсаты: Тәулік бөліктері туралы түсініктерін дамыту. Шарты суреттерді баланың қай уақытты көрсетіп тұрғанын табу.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Азиз</p>	<p>Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. Шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Педагог: - Секендендер қояндар, Жүгіріңдер кезде, қояндар үйлерінен шығып секендеп ойнайды. Осы кезде қасқыр</p>	<p>Санамақ жаттау: Екі аяқпен жүремін, Екі көзбен көремін. Екі қолым бар менің, Екеу құлақ, білемын.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Жани</p>	<p>Жеміс – жидектер туралы жұмбақ шешу: 1.Бұтағында азығы, Ортасында қазығы. (Алма)</p> <p>2.Түрі шар сияқты, Түсі қан сияқты. Дәмі бал сияқты, Бұл не? (Шие)</p> <p>3.Көрсен өскен желісін, Жапырағы қазтабан. Мөлдір қара жемісін, Қыста емес, жаз табам.(Қарақат)</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?». Мақсаты: Бөлме ішіндегі заттардың неге ұқсайтынын ажыратып, айта білуге үйрету. Балалармен бөлме ішіндегі пішіндерге ұқсас заттардың суретін салу дағдысын дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Далелхан)</p>

		<p>апанынан шығып қоян - дарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарды. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат</p>			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	Картотека № 10	Картотека № 11	Картотека № 12	Картотека № 13	Картотека № 14
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!!

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан айы 26 .12. – 30 .12.2022 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Құстарға қалай көмектесеміз?» Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.	Дидактикалық ойын: «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. Көрнекілік: Жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті	Дидактикалық ойын: «Заттарды сандармен сәйкестендіреміз» Мақсаты: Реттік санауға үйрету. Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету. Ойын шарты: Балалар суреттердегі заттарды сан бойынша сәйкестендіреді.	Дидактикалық ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Үй туралы білімдерін кеңейту. Үй құрылысымен таныстыру. Ойын шарты: Үйдің сұлбасын беру оған не жетпейтінін басқа суреттердің ішінен табу.	Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Мақсаты: Балалар мұғалім, дәрігер, құрылысшы, спортшыға қажет құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету. Ойыншарты:

	<p>Ойын шарты: Суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.</p> <p>- Қыстапқалатын құстарға қалай көмектесеміз? - Құстар ұяны не үшін салады? - Құстардың денесін не жауып тұрады?</p>	<p>Ойын шарты: Суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.</p>			<p>Суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табу.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Жылулық сәті: Күн жылуын аямасын, Шуағын аяласын. «Достық» деген бәйтеректі Барлық бала саяласын</p>	<p>Жылулық сәті: Аспанда күн жарқырайды алақай. Атқан таңға иіліп бір сәлем беріп, Бақыт тілеп бір-бірімізге осылай. Қайырлы таң! Қайырлы күн!</p>	<p>Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</p>	<p>Жылулық сәті: Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.</p>	<p>Жылулық сәті: Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды</p>
	<p>та бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зыңданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек 2 қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы қолымен манда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. Өзіндік тәжірибе алды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Ертерек-кейінірек» Ойын шарты: Педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады.</p>	<p>Ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Ойын арқылы балаларды әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Ойын шарты: Педагог ойын шартын түсіндіреді. 1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапа-лақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.</p>	<p>төлдерін сызық сызу арқылы көрсету. Керекті құрал-жабдықтар: жануарлардың, төлдердің суреттері</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қолмен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту. Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту. Ойын аты: «Арқан тарту» Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, шымырлыққа тәрбиелеу. Міндеті: Ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру. Ойынның барысы: Бұл 2 топқа бөлінген балалармен немесе 2 баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді. 2 бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құ-</p>	<p>тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Тақпақты жаттау. «Не үшін?» – Екі көзің не үшін керек? – Жақсыларды көру үшін. – Екі қолың не үшін керек? – Елге көмек беру үшін. – Құлақ деген не үшін керек? – Ақыл-кеңес тыңдау үшін. (Қадыр Мырза Әли) Дидактикалық ойын: «Мұрын, мұрын, мұрын...» Ойын шарты: Педагог балаларды шатастырып дене мүшелерін айтады. Мұрын, мұрын, мұрын – бас. Мұрын, мұрын, мұрын – қол. Мұрын, мұрын, мұрын – аяқ. Балаларды шатастырып, басқа дене мүшелерін көрсетуге болады.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен бе-</p>	<p>шықтандыруды жалғастыру. Маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; бекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Шырша» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Шырша туралы әңгімелесу Шарты: Шыршаны пішіндерден құрастыру. Түстерін дұрыс табу.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Қатар-қатар қойылған таяқтардан 2 аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қолмен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту. Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу. Мимикалық жаттығулар: 1. Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдай-</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды? Б: Аспанда күн болған жоқ. П: Кейін күн қайда кетеді? Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту. Ептілік, күш, төзімділік, көпшілдік қасиеттерін дамыту. Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауды қолдана білуге баулу. Қимылды ойын: «Допты тордан лақтыр» Мақсаты: Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Шарты: Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек. Педагог жерге түскен допты санап отырады. Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі.</p>		<p>латса, құламаған бала жеңіске жетед. Көрнекі құралдар: Арқан</p>	<p>ру. Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық ойын бейнелерін: байсалды, көңілді, шаттанған, мәнерлі жеткізу. Табиғатқа деген қызығушылығын тәрбиелеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Шарты: Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді. Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу.</p>	<p>ын жап-жазық етіп ұстауға тырысады. 2. Қабағын түйіп (ашу-ланып), қасын босатады. 3. Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату (жалқаулану). 4. Танауын керіп (бір иісті сезгендей демін ішіне тартып), демін сыртқа шығарып, босаңсу. 5. Көздерін қысып, жұмып, қайта босаңсу. 6. Көздерін сығырайту, қайта босаңсу. 7. Үстіңгі ернін көтеріп, мұрнын жиыру, қайта босаңсу.</p>
--	--	--	---	--	---

<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Ойын: «Оң жақта» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Ойын барысы: Балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан. 1 нұсқа: Педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады. 2 нұсқа: Педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді. 3 нұсқа: Педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді. Қажетті заттар: Әртүрлі ойыншықтар.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Далелхан)</p>	<p>Саусақ гимнастикасы: Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді. 1. «Кір жуамыз». Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады. 2. «Тары мен күрішті жинау» Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады. 3. «Қуыршақтың белбеуін байла.» Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Азиз)</p>	<p>Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Жуылмаған жемістер»(5-10 мин) Мақсаты: Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту, жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. Керекті құралдар: Кезкелген жеміс (сәбіз, картоп), қатты ысқыш, шұңқыр ыдыс. Мазмұны: Ортаға үстел қойып, сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз. Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді. Балаларды кезек-кезек шақырып алып, оларға жемісті жуғызып, артынан сол жемістерден салат жасалады.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)</p>	<p>Дыбыстармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы: Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т</p> <p>"Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ, Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала. До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Жани,</p>	<p>Дидактикалық ойыны «Артық сөзді тап» Ойын шарты: Мұнда балаларға суреттер сериясы беріледі. Әрбір серия 4 суреттен тұрады, оның 3 суреті бір тектес және оларға тән ортақ қасиет бойынша біріктіріледі де 1 сурет алып тасталынады. Суреттер сериясы: 1. әке, ана, дәрігер, ана 2. нан, сүт, ірімшік, қаймақ.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс:</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Картотека № 25</p>	<p>Картотека № 26</p>	<p>Картотека № 27</p>	<p>Картотека № 28</p>	<p>Картотека № 29</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру</p>	<p>Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.</p>	<p>Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру</p>	<p>Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.</p>	<p>Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!!</p>

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қантар айы 23.01. – 27.01. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.</p>	<p>Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.</p>	<p>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p>Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ..</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><i>Үстел үстінде ойналатын ойын: «Жуылмаған жемістер»(5-10 мин)</i> Мақсаты: Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту, жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету. Керекті құралдар: Кезкелген жеміс (<i>сәбіз,картон</i>), қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс. Мазмұны:Ортаға үстел қойып, сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз. Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді. Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады.</p>	<p>Қимылды,еңбек ойын: «Ойын алаңын тазалау» Мақсаты:Балаларды біле-сіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. Құралдар: Сыпыртқы, күрек, қап; Ойын шарты: Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Педагогтің басшылығымен қапты қо-қысқа төгеді. Жаттату: Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша, бауды, тауды да Бояған аппақ түспенен.</p>	<p>Дидактикалық ойыны: «Не артық?» Ойын шарты: Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек. Мысалы: нан, шай, май, тай – ... (тай) Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (тақ) Алма, шие, бөрік, өрік – ... (бөрік) Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (кес)</p>	<p>Сюжетті-рөлді ойын: « Құрылышы » Мақсаты: Балаларды құрылышының қызметімен таныстыру. Педагогтің іс-әрекеті: Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Өз үйіңді тап» Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар:Түрлі-түсті дөңгелектер. Ойын барысы:Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> <i>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</i></p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> <i>Көңілденіп , күлемін, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын Мен ақылды баламын</i></p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> <i>Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз</i></p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> <i>Күн жылуын аямасын, Шуағын аяласын. «Достық» деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.</i></p>	<p><i>Жылулық сәті:</i> <i>Сиқырлы айнадан Өзіді көремін, Бақыттан жайнаған Көзімді көремін.</i></p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. Қимылды ойыны: «Торғайлар мен мысық» Ойын шарты: Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағым-ды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, -ұшып-қонып жүреді.Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяла рына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қорша-</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері:Сөйлем ұғымымен таныстыру, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойыны: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» Ойын шарты: Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Дидактикалық жаттығуы: «Сөз ойла». Ойын шарты: Педагог балаларға бір буында айтады, балалар буыннан сөзді тауып жалғастырады.«Та» буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таға, тақылдақ, таң . «Ба» буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Балық, батпақ, бақа, бақ, бақбақ, бақыр,</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балаларды сандар құрамымен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету. Дидактикалық ойыны: «Шын немесе жалған» Ойын шарты: Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы:«доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Міндеттері:«И»дыбысы мен және әрпімен таныстыру.«И» дыбысы дауысты дыбыс екенін түсіндіру.Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыту. Дыбыстық талдау жасай білуге тәрбиелеу. Ойын-жаттығуы:«Не өзгерді?» Ойын шарты: Педагог балаларға сөздер айтады, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай ұқсастықтары бар екенін, не өзгергенін ойланып айтады. Сөздерде дауыс-</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балаларды сандар құрамымен таныстыру.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: Көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды. 2.Көркем әдебиет Міндеттері: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жұмбақты шеш: Тау-тау ақ қар, Ерімейді ыстықта. (Мақта)</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері:Сөйлем сөз- басымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.Сөйлем сөзбасын құруды үйрету, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап,дыбыстық сөзба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу Дидактикалық ойыны: «Дұрыс көрсет» Ойын шарты: Педагог балаларға,қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін мысал келтіреді. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, 2 жалаушаны да көтереді. Мысалы: «Қ» дыбысы: қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа,</p>

	<p>ған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</p> <p>Ойын жаттығуы: <i>«Пішінге ұқсас зат».</i></p> <p>Жұптық жұмыс: Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр.</p> <p>Ойын шарты: Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды. Одан кейін рөлдерімен ауысады.</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу.</p>	<p><i>байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық.</i></p> <p>- Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойыны: <i>«Қолымда не бар?»</i></p> <p>Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: Үсақ тастар, жаңғақтар.</p> <p>Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Заттың</p>	<p>ты дыбыстар өзгергенін біледі.</p> <p>Мысалы: <i>тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем, жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле.</i></p> <p>3. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Бұл қандай құс?»</i></p> <p>Мақсаты: Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.</p> <p>Көрнекіліктер: Құстардың суреттері.</p> <p>Ойын барысы: Жүргізуші қарлығаш пен тоқылдақтың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Балалар бұл құстардың ерекшелігін суреттеп, аттарын атайды. Бұл құстарды тағы қалай атауға болады? Олардың қандай пайдасы бар? <i>(тоқылдақ орман дәргері, қарлығаш адамның досы)</i></p> <p>4. Дене шынықтыру</p>	<p>Дидактикалық ойын: <i>«Кім? Не?» (зат есімдер)</i></p> <p>Ойынның мақсаты: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: Әр-түрлі суреттер</p> <p>Ойынның мазмұны: Суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім? Жансыз болса не? Сұрағы қойылады.</p> <p>2. Қазақ тілі Міндеттері: Өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сөздік ойын: <i>«Жалғасын тап».</i></p> <p>Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.</p> <p>Таңертең ... (тұрамын).</p> <p>Бетімді ... (жуамын).</p> <p>Тісімді ... (тазалаймын).</p> <p>Жаттығу ... (жасаймын).</p> <p>Шашымды ... (тараймын).</p>	<p><i>балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу.</i></p> <p><i>«Т»</i> дыбысы: <i>тор, тоқыл- дақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, тор сық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллей-бус, автобус, тарақ, тон.</i></p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Балалардың <i>«адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа»</i> деген түсініктерін кеңейту. Бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Жел көбік.»</i></p> <p>Ойын шарты: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Педагогке қо-</p>
--	---	--	--	--	--

<p>Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме. 5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобуска алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық. <p>Дидактикалық ойын: «Қандай көлік»</p> <p>Мақсаты: Көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру.</p> <p>Ойын шарты: Көліктердің суреттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтау</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері: Баяу жүгіру жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру.</p>	<p>атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тапқыты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру. Тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» – Тазалықты..... (сүйеміз).</p> <p>– Сабын, жөкемен..... (денемізді жуамыз).</p> <p>– Сүлгімен..... (денемізді сүртеміз).</p> <p>– Тарақпен (шашымызды тараймыз).</p> <p>Ойын жаттығуы: «Не үшін керек?»</p> <p>Ойын шарты: Педагог суретті көрсетіп, олардың аттарын айтады және сұрақ қояды. Ойын барсы: – Мынау – қол. Қол не үшін керек? Балалар әр дұрыс жауап үшін бір фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Сәуле мен Арман тазалық заттарын алып келеді.</p> <p>– Сәуле, не әкелдіңдер? – Тазалық заттарын. Олар бізге таза жүру үшін керек.</p>	<p>Міндеттері: Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепетеңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p>Ойын: «Доптар мектебі»</p> <p>Мақсаты: Доппен ойнаудың түрлерін үйрету, 2 қолмен қағып алу, қабырғаға үру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу. Ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: Балалар педагогтың көрсеткен жаттығуларын орындайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу. 2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. 3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу. 4. Қабырғаға допты соғып екі қолмен қағып алу. 5. Допты қабырғаға соғып ұстап алып, жерге соғып қағып алу. <p>–</p>	<p>Киімімді ... (киемін). Балабақшаға ... (барамын).</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова).</p> <p>Шарты: Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.</p>	<p>сылып олар мына өлеңді айтады.</p> <p>Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып.</p> <p>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.</p> <p>Педагог: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де</p> <p>3. Құрастыру (сурет, жапсыру, мүсіндеу.)</p> <p>Міндеттері: Құрылыс материалдарын пайдаланып өз үйлерін құрастыра білуге үйрету; әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Менің үйім»</p> <p>Мақсаты: Үй туралы білімдерін кеңейту. Үй құрылысымен таныстыру.</p> <p>Шарты: Үйдің сұлбасын беру оған не жетпейтінін басқа суреттердің ішінен табу.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері: Жерге</p>
--	---	--	--	---

	<p>«Аламан» қимыл-қозғалыс ойыны. Бір-бірден тізбекке тұрып, әр ойыншы алдыңғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады.</p>	<p>4.Музыка Міндеттері: Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру.Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық ойын бейнелерін:байсалды, көңілді, шаттанған, мәнерлі жеткізу. Табиғатқа деген қызығушылығын тәрбиелеу. Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Ойын шарты: Педагог ойынның шартын түсіндіреді. 1-4 такт: Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт: Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт: Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.</p>			<p>жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту.Тізені жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу. Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету,күштілікті дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Ойын барысы: Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға»бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.</p>
<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ ойын: «Жүретін саусақтар.» Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды</p>	<p>Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары Ойын:«Дыбыстарды анықта» жаттығуы Мақсаты:Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Сипатына қарай шешуін тап» Мақсаты:Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу</p>	<p>Тіл дамытуға арналған жаттығу Мақсаты:Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту І.Т:Күй сандықты ашайық Б:До- до- до</p>	<p>Ойын: «Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, ақкөңіл) Ойын шарты: Сөздік қорын дамыту, шағын</p>

	<p>атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталады.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: (Жани)</p>	<p>деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ойын шарты: Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тіл-деріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кезкелген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан бастала-тын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы: Сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені 2 сөз де «С» әрпінен басталады. Балалармен жеке жұмыс: (Далелхан)</p>	<p>Ойын барысы: Педагог суреттер көрсетеді. Мысалы: Ақшақардың суреті – «Балалар сендердің алдарыңда ақшақардың суреті бейнеленген кәртішкелер бар. Бір қарағанда олардың бәрі бірдей сияқты, бірақ анықтап қарасаңдар оларда өзгешеліктер бар. Осыған байланысты сендерді суреттегі ұқсастықтар мен өзгешеліктерді байқап тез анықтауға шақырамын.» Ақшақардың бетінде қандай өзгірістер бар? -Екі көзі, бір қызыл мұрыны бар -Бастарында ше? -Біреуінде шелек, екіншісінде кастрюль -Қолдарыңда қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар? -Сыпырғыш, күрек, таяқшалар біреуінде оң, ал екіншісінде сол қолдарында -Түймелері нешеу? -үш, төрт. Көрнекіліктері: Заттық суреттер: ақшақарлар, жиналмалы қуыршақтар, жатпайтын қуыршақтар, көбелектер, аюлар, біркелкі мөлшерде әр түрлі өзгерістерімен Балалармен жеке жұмыс: (Ерхат)</p>	<p>Т: Тілдерін біз бастайық Б: Ре - ре - ре Т: Бас дыбысты бастайық Б: Ми - ми - ми П: Жайлап әнге салайық Б: До - до - до 2. Шалқып шығар сонда күй Б: Фа - фа - фа Т: Бәрі До - дан басталар Б: До - до - до П: До - ны қоштар басқалар Б: До, ре, ми, фа, соль, ля, си, до Балалармен жеке жұмыс: (Азиз)</p>	<p>әңгіме құрастыруға үйрету. «Менің досым» ойыны Шарты: Допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды. Балалармен жеке жұмыс: (Абинур)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>				

Серуен	Картотека № 25	Картотека № 26	Картотека № 27	Картотека № 28	Картотека № 29
Балалардың үйге қайтуы			Ата аналармен балалары жайлы сөйлесу.	Ата – аналардың сұрақтарына жауап беру	Демалыс күндерін жақсы жемалып келіңіздер, балалар!!!

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қантар – ақпан 30.01. – 03.02. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты – жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ..
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Ойын шарты: Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. 1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (жидектер) 2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер) 3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер) 4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (малдар) 5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... (күн уақыты)	Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?» Мақсаты: Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету. Ойын барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. Мысалы: Мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б Көрнекілігі: Үй және жабайы жануарлар суреттері	Дидактикалық ойын: «Кері әрекетті айт» Ойын шарты: Педагог балаларға сөйлем айтады, балалар сөйлемнің кері әрекетін тауып айтады. 1. Асан кірді, анам ... (шықты) 2. Анам құйды, Марат ... (төкті) 3. Айгүл жинады, Айсұлу... (шапты) 4. Әкем келді, ағам... (кетті) 5. Атам ашты, әжем... (жапты)	Дидактикалық ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту Ойын барысы: Педагог қызыл,жасыл,сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: «Дүкенге алдымен тәрел-келерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды.Жоғарғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмекте-	«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді Көрнекілік: Пішіндер бейнеленген суреттер

				сейікшідеп балаларды ойынға шақырады. Көрнекілігі: Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылудық сәті: <i>Қуанамын, күлемін, Жылы менің жүрегім. Достарыма үнемі, Риза болып жүремін.</i>	Жылудық сәті: <i>Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер.</i>	Жылудық сәті: <i>Қоңыраудың сиқырлы, Естіледі сыңғырлы Қолыңды бер дейді. Шеңберге кел дейді.</i>	Жылудық сәті: <i>Аспан ашық ,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.</i>	Жылудық сәті: <i>Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері. Қол ұстасып Тұрайықшы, кел бері.</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: <i>«Қай мезгілде ойнаймыз?»</i> Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту. 2. Математика негіздері Міндеттері: Қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға,есептерді шығарған кезде ойлануға, әртүрлі белгілер бойынша салыстыруға үйрету. Зейінді, жады мен сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. Дидактикалық ойын: <i>«Затты тап»</i>	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «Й» дыбысымен және әрпімен таныстыру. «Й» дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу. Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру. Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойыны: <i>«Жоғалған дыбысты тап»</i> Ойын шарты: Педагог балаларға суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтады,балалар сол жоғалған дыбысты орнын тауып айтады. Мысалы: <i>Көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбыр...(а), қасқы...(р), шыри...(а), банк...(а), шеле...(қ), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), басналда...(қ).</i> 2.Көркем әдебиет Міндеттері: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз	1.Математика негіздері Міндеттері: Балаларды сандар құрамымен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қаабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету. Дидактикалық ойын: <i>«Біреу және көп»</i> Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. 2.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі 1-ші, 2-ші, 3-ші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойыны: <i>«Сөйлемді жалғастыр»</i>	1.Математика негіздері Міндеттері: Балаларды сандар құрамымен таныстыру.Ойлау, есте сақтау қаабілеттерін дамыту. Есептерді шығара білуге үйрету. Дидактикалық ойын: <i>«Көп және біреу»</i> Ойынның мақсаты: Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: Көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды. 2.Көркем әдебиет Міндеттері: Театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «Г» дыбысымен таныстыру. «Г» дыбысының сөздегі орнын табуды үйрету. Дидактикалық материал-дарды пайдаланып, балалардың ойлау қаабілеттерін, қиялын дамыту. Жа-зу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жо-ғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу. Дидактикалық ойыны: <i>«Сөз айт, тез айт»</i> Ойын шарты: Педагог балаларды 3 топқа бөледі. 1-ші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. 2-ші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, 3-ші топқа ұяң және үнді дыбыстардан

Ойын шарты: Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (*осындай пішінге ие*) туралы сұрайды.

3. Қоршаған ортамен таныстыру

Міндеттері: Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Танымдық-ізде-німпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту. Өзімен қатар құрбыларымен достық қарым - қатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойыны: «Гүлдерді күтеміз»

Мақсаты: Балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (*көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді*) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлық-

ойын айта білуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!»

Мақсаты: Сөздік қорын молайту, тілін дамыту
Құралдар жабдықтар: Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері
Ойын барысы: Педагог балаларды бір – бірлеп ортаға шығарады, содан кейін кез келген суретті ұсынады, бала қолында ненің суретін ұстап тұрады, соны сипаттап айтып беру керек, ал қалған балалар не нәрсені сипаттап айтып тұрғанын тап керек.

3. Қазақ тілі

Міндеттері: Ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін».

Ойын шарты: Педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.

Мысалы:

Педагог: Балалар бақта
Балалар: Жүгірді.

Педагог: Атам шалғымен шөп

Балалар: шапты.

Педагог: Анам сиыр

Балалар: сауды.

Педагог: Аю қыста

Балалар: ұйықтайды.

3. Сөйлеуді дамыту

Міндеттері: Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойыны: «Ажырат»

Ойынның мақсаты: Киімдерді ажырата білуді үйренеді.
Ойынның шарты: Қысқы киімді көк, жазғы киімді сары сөмкеге салу керек.

Көрнекілігі: қысқы, жазғы киімдердің суреттері.

4. Дене шынықтыру

Міндеттері: Сырықтан жалғыз аяқпен секіріп өткенде табанмен емес, аяқтың ұшымен итеріліп, жұмсақ қонуға ұмтылту. Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күшпен төзімділікке, көпшілікке, алған білім-білік-

Адалдыққа, достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

Дидактикалық ойынның атауы:

«Ертегіні жалғастыр»

Мақсаты: Балаларға таныс ертегіні жалғастыруға үйрету, ой-өрістерін дамыту.

Құрал – жабдықтары: Ертегінің кейіпкерлерінің суреттері.

Ойынның барысы: Педагог ертегі кейіпкерлерін үстелдің үстіне қояды, (*мысалы: шалқан, атасы, апасы, немересі*) балалар әрі қарай ертегінің атауын тауып, сол ертегіні жалғастыруы керек.

3. Қазақ тілі

Міндеттері: Сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру. Мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.

Сюжеттік ойын:

«Дүкен»

Ойын шарты: Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы.

Диалог үлгісі: –

басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Сөз айтқан коман- даға педагог жалауша беріп отырады. Ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.

Мысалы: дауысты дыбыс- тардан басталатын сөздер: *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт, ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз.*

2. Қоршаған ортамен танысу

Міндеттері: Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу. Тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру. Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.

Дамытушы ойын: «Арнайы көліктер»

Мақсаты: Көліктер туралы түсінік беру. Құрастыру біліктерін арттыру

Ойын шарты:

Көліктерді үлгіле қарап құрастыру.

Дидактикалық ойын: «Қандай көлік»

	<p>қа алу керектігін түсінеді.</p> <p>Ойын шарты: Гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері: Сырықтан жалғыз аяқпен секіріп өткенде табанмен емес, аяқтың ұшымен итеріліп, жұмсақ қонуға ұмтылту. Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күшпен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдануға баулу. Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет)</p> <p>Ойын шарты: Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады. Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.</p> <p>Қимылды ойын: «Допты тордан лақтыр»</p> <p>Мақсаты: Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>Шарты: Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-</p>	<p>Ойын шарты: Педагог жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады.</p> <p>Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...».</p> <p>Ойын шарты: Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды.</p> <p>Мысалы: Менде тостаған. Сенде не?</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев).</p> <p>Ойын шарты: Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» бола-</p>	<p>терін өмірде қолдануға баулу. Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Координацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол»</p> <p>1. «Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (брет).</p> <p>2. Көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу.</p> <p>3. 1–9 сандарын көздерімен жазу.</p> <p>4. Көздерімен көлденең 6 сегізді жазу.</p> <p>5. Көздерімен сағат тілімен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу.</p> <p>6. Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш, шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигураларды салу.</p>	<p>Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! –Кесе беріңізші. –Қандай кесе? –Үлкен, екі жасыл кесе. –Міне, кесе алыңыз. –Рақмет. Сау болыңыз. –Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету. Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту. Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева).</p> <p>Ойын шарты: Балалар шеңбер бойында тұрып, қос аяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбаңдап жүреді. Балаларға интерактивті тақтадан «бесікке салу» рәсімдерімен таныстыру. Бесікке салудың қандай пайдасы бар екенімен таныстыру. Бесікті не үшін аластайтынын айта</p>	<p>Мақсаты: Көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру.</p> <p>Шарты: Көліктердің суреттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтау</p> <p>3. Сурет (жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)</p> <p>Міндеттері: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру. Қоржынды нұсқау бойынша безендіру арқылы балалардың көркемдік талғамын және шығармашылық қабілетін дамыту.</p> <p>Дидактикалық ойыны: «Әшекей бұйымдарды ата»</p> <p>Мақсаты: Әшекей бұйымдармен таныстыру, сөздік қорын дамыту</p> <p>Құралдар жабдықтар: Әшекей бұйымдардың суреттері.</p> <p>Ойын барысы: Педагог үстелдің үстілеріне ұлттық әшекей</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек. Педагог жерге түскен допты санап отырады. Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі.</p>	<p>тынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «<i>көлеңке</i>» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді</p>		<p>кету. Бала ұйықтар алдында айтылатын әнді «<i>Бесік жыры</i>» дейміз.</p>	<p>бұйымдарды қояды. Балалар заттарды атап, сол бұйым туралы білгендерін айтып береді.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Құбылмалы жағдайларға байланысты әрекет етуде түрлі тактикаларды қолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру. Бұлшық еттің үйлесімді жұмысы үшін сәйкес рефлексстерді қалыптастыруға арналған жаттығуларды қолдану біліктілігін бекіту. Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, ептілік, реакция шапшаңдығын дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «<i>Ақшақарлар мен тентек жел</i>» (тыныс алу гимнастикасын орындау)</p> <p>Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. «<i>Ақшақарлар</i>» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «<i>Тентек желдер</i>» дем алады. Педагог: «<i>Жел тұрды!</i>» – дегенде «<i>тентек желдер</i>» шығып, «<i>и-и-и-и-и</i>» деп оларды ұшыра бастайды. «<i>Ақшақарлар</i>» қашып, жата қалады,</p>
--	--	---	--	--	--

					тығылады.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Дидактикалық ойын: «Зоологиялық домино».</i> <i>Мақсаты:</i> Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. <i>Ойын ережелері:</i> Кімде - кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	<i>Дидактикалық ойын: «Не артық?»</i> <i>Мақсаты:</i> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <i>Көрнекіліктер:</i> Әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.	<i>Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап».</i> <i>Мақсат-міндеттер:</i> Балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету.	<i>Д/ойын : «Жанды және жансыз табиғатты ажырат».</i> <i>Мақсаты:</i> Балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу.	<i>Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»</i> <i>«Көктем көрінісі»</i> <i>Мақсаты:</i> Көктем мезгілінің ерекшелігін білу. <i>Шарты:</i> Суретке қарап әңгімелеу. <i>Еңбек тапсырмасы:</i> Кезекшілікті ұйымдастыру. Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жылулық сәті:</i> <i>Күніміз ашық болсын!</i> <i>Түніміз тыныш болсын!</i> <i>Ауамыз таза болсын!</i> <i>Суымыз мөлдір болсын!</i>	<i>Жылулық сәті:</i> <i>Достарымның барлығын,</i> <i>Сыйлап, жақсы көремін.</i> <i>Алақаным арқылы</i> <i>Жылуымды беремін.</i>	<i>Жылулық сәті:</i> <i>Аманбысың, алтын күн!</i> <i>Аманбысың, жарқын күн!</i> <i>Маған жылу, жарық бер,</i> <i>Қуаныш пен шаттық бер.</i>	<i>Жылулық сәті:</i> <i>Достар, бері келіңдер,</i> <i>Қолдарыңды беріңдер.</i> <i>Шаттық толы шеңберге,</i> <i>Қуанышпен еніңдер.</i>	<i>Жылулық сәті:</i> <i>Ашық менің жүрегім</i> <i>Ылғи күліп жүремін</i> <i>Бірге ойнап, бір жүрер</i> <i>Достарым көп, білемін!</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Балаларға жайлау өлеңінің мазмұ-	1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөзге дыбыстық талдау жасау дағды-	1.Математика негіздері Міндеттері: Көпбұрыш, көпбұрыштың түрлері	1.Математика негіздері Міндеттері: Геометриялық фигуралардың	1.Сауат ашу негіздері

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>нын түсіндіру. Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Таңдап ал да, дауысын сал».</i></p> <p>Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады. Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді. Тыйым сөз жаттату. Малды теппе.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Балалардың «Есен» түсінігімен, оның құрылымдық элементтерімен тан қалыптастыру. Сұрақ қою және оған жауап беру дағдыларын дамыту</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Сиқырлы сандар»</i></p> <p>Ойын шарты: Балаларға Никитин әдістемесін пайдалана отырып сандарды шығаруды үйрету. Жаңа ойын түрлерімен таныстыру. Дамытушылық. Әртүрлі пішіндер шығаруда ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: Балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту.</p>	<p>ларын жетілдіру. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: <i>«Буынға буын қос»</i></p> <p>Ойын шарты: Педагог балаларға суреттер көрсетеді.</p> <p>Педагог: Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар.</p> <p>Мысалы: <i>ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...не, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызгал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ.</i></p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Театрландырылған өнердің тәсілдерін меңгерту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.</p>	<p><i>(үшбұрыш, бесбұрыш, бесбұрыш)</i> туралы түсінікті нақтылау. <i>«Көпбұрыштың қабырғалары», «Фигураның бұрышы»</i> түсініктерін нақтылау.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Қандай пішінге ұқсайды»</i></p> <p>Мақсаты: Заттарды пішіндеріне қарай ажырату. Ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты: Заттардың пішініне қарай төрт топқа бөлу.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін<i>(дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар)</i> ажыратып, дұрыс дыбыстау. Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: <i>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»</i></p> <p>Ойын шарты: Педагог балаларға заттың сипатын айтады, балалар сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтады.</p> <p>Мысалы: <i>әдемі ... (көлік), заманауи ... (қала), биік ... (гимарат), жасыл ... (желек), ұзын ... (көше), жедел .. (жәр-</i></p>	<p>атауымен <i>(шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ, тіктөртбұрыш және т.б.)</i> та-ныстыру және бекіту; осы фигураларды бас-қа пішіндердің арасы-нан табуға үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Заттарды салыстыру»</i></p> <p>Мақсаты: Заттардың мөлшерін, шамасын салыстыру.</p> <p>Керекті құралдар: Үлкен – кіші суреттер.</p> <p>Ойынның барысы: Балалар үлкен – кішкентай қонжықтарды анықтайды. Үлкен қонжықтарды бір жаққа, кішкентай қонжықтарды бір жаққа қою ұсынылады.</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Өлең мазмұнын түсіндіру арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өзін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жұмбақты шеш: <i>Аспанда бір алып құс, Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң, Ғажайып, Соңында із қалады.</i> <i>(Зымыран)</i></p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға</p>	<p>Міндеттері: Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сөз-басын сыза білулерін же-тілдіру. Буынға бөлу, дау-ысты, дауыссыз дыбыс-тардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логика-лық ойлауларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Сөздің бірінші дыбысын айт»</i></p> <p>Ойын шарты: Педагог суреттерді көрсетеді, ба-лалар суретті атап, бі-рінші дыбысын анықтап айтады. Педагог балаларды 2 командаға бөледі, 1-ші бір командамен содан кейін 2-ші коман-дамен ойнайды.</p> <p>Мысалы: <i>өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек (ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыс-тан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.</i></p> <p>–Балалар: Дауысты ды-быстардан басталатын сөздер.</p>
---	--	--	---	---	---

Тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Туған өлкені сүйеге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын: «Қалай дыбыстайды?»

Мақсаты: Жануарлардың дыбыстарын айыра білуге үйрету.

Шарты: Жануарлардың дыбыстарын тыңдатып, ненің дыбысы екенін тапқызу.

4. Дене шынықтыру
Міндеттері: Түрлі жағдайларда баланың жинаған білім-біліктерін саналы, өз бетімен қолдана білуіне жәрдемдесу. Биіктікке секіргендегі қол мен аяқтың қимылын түзету, дамыту. Ептілік, төзімділік, күштілік, өз бетімен әрекет етуін дамыту. Өз денсаулығын да, өзгенің денсаулығын да сақтай білуге, әрекет етудегі тапқырлыққа тәрбиелеу.

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан»

Ойын шарты:

Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»:

«Кәне, кәне, халайық,
Қасқыр қақпан құрайық».

Дидактикалық ойын:

«Болады, болмайды»

Мақсаты: Балаларды үйдегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Құрал-жабдықтары:

Тұрмыстағы қауіпті заттар бейнеленген суреттер, таратпа материалдар.

Ойынның барысы:

Балалар «ойнауға болады» деген ойыншықтар және «ойнауға болмайды» деген заттарды бір-бірінен ажыратып, екі топқа бөледі. (жасыл түсті – «дұрыс» таңбасына – «болады»; қызыл түсті – «бұрыс» таңбасына – «болмайды»)

3. Қазақ тілі

Міндеттері: Оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру.

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

І-і-і – кітап, кітап. Қ-қ-қ – қалам, қалам. Ә-ә-ә- дәптер, дәптер.

дем), үш түсті ... (бағдаршам), жылдам... (метро), аппақ ... (бұлт), үлкен ... (терезе).

3. Сөйлеуді дамыту

Міндеттері: Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру. Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын:

«Табиғат құбылыстарын ата»

Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын басты ерекшеліктерді түсіндіру. Жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік беру барысында, табиғат құбылыстарының өзгеріп отыратынын түсінуге үйрету. Табиғатты сүйеге, оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Табиғат құбылыстарының суреттері.

4. Дене шынықтыру

Міндеттері: Заттармен және заттарсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды кезек алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен ұштастыру. Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру. Дене қуаты қасиеттерін көрсете

тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын: «Сөйлем құра».

Ойын шарты: Берілген сөздермен сөйлем құрау. – Оқушы, керек, кітап. (Оқушыға кітап керек). – Жаз, қалам.

(Қаламмен жазады). – Сынып, мектеп, бар. (Мектепте сынып бар)

4. Музыка

Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Құстар» (Т. Ломова).

Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға

Педагог: Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер?

Балалар: – Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Қатаң дауыс-сыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б*

– **Балалар:** Қатаң дауыс-сыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.

2. Қоршаған ортамен танысу

Міндеттері: Қоршаған ортаны танып-білуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту. Киіз үй мен оның жиһаздарының пайдасы жайлы түсіндіре отырып, балалардың зейіндерін дамыту. Киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғам-

	<p><i>Кәне, қақпан берік бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!»</i> деген тақпақты хормен айтып, қолдарын түсіреді. Қақпан ішінде қалып қалған <i>«қасқырлар»</i> ойыннан шығады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: <i>«Сөйлемді аяқта».</i> Ойын шарты: Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Оқушы ... (дәптерде жазады). Кітапты оқиды. Кітапты ... Қарындашпен сызады. Қарындашпен ..</p> <p style="text-align: center;">4.Музыка</p> <p>Міндеттері: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды батырлыққа, ерлікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Музыкалық аспапта ойнау: <i>«Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко).</i> <i>«Тамшы»</i> деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру. Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>ту: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция. Көзге арналған жаттығулар: <i>«Тінтуірді жүгіртіп, Әсем сурет саламыз!» (2 рет)</i> <i>«Тінтуірді жүгіртіп, Әсем сурет саламыз! Солға, оңға, жоғары, төмен, Айнала бұрылып аламыз! Енді солға қараймыз, Оңға, төмен, жоғары Жан-жағыңды бағдарлап, Қарап алсақ болады. Төрт тұсыңды айырып, Қателеспей табасың, Алға еркін қадам басқан, Сен жігерлі баласың!»</i></p>	<p>ілесө жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.</p>	<p>мен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу <i>«Тақия тастамақ» ойыны.</i> Ойын шарты: Балалар дөңгелене отырады. Бір бала тақияны алып, балаларды айналып жүреді. Балалар хормен ойын сөздерін айтып отырады. Ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ, Ақырын, ақырын бастаймын, Бірінің тұсына келгенде, Сездірмей тақия тастаймын! Ойын барысы: Бала тақияны бір баланың тұсына келіп, тастап қашады. Ол бала тақияны ала салып, қуады, егер қуып жете алмаса, қашқан бала бос орынға отырып алады, қуып жете алмаған бала айыппұл төлейді. Балалардың сұрауы бойынша өлең, тақпақ айтады не болмаса жан жануарлардың дауысын салады. Ойын жалғасады.</p> <p style="text-align: center;">3.Жапсыру (сурет, мүсіндеу, құрастыру) Міндеттері: Үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте оты-</p>
--	---	--	--	---	--

				<p>рып, өз бетінше безендіруге үйрету. Мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын, қиялын дамыту; жанжануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойынын «Не қалай дыбыстайды?»</p> <p>– Балалар, мысықтың баласын марғау деп атайды. Оны естеріңде сақтаңдар!</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері: Допты ба-сымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, ептілікке, төзімділікке баулу. Көз ауруларының алдын алу. Өз денсаулығын сақтауға үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:</p> <p>«Тымтырақай».</p> <p>Ойыншылар шеңбер құрып қол ұстасады, тек бір бала – «малай» ортада тұрады. Ойын-</p>
--	--	--	--	---

					шылар шеңбермен жүріп, қайталап айтады: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» – Сол сөздерді айтып, залмен шашырап қаша жөнеледі. Малай болса, оларды ұстап алуға тырысады.
Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Саусақ бұлшық етіне дамыту жаттығуларын жасатады. <i>Ағайынды екеу екен: Біреуі оқымаған, Біреуі сауатты екен, Көп іске жауапты екен.</i> <i>Ататын асықты да, Ұстайтын қасықты да, Хаттарды жазатын да, Есікті ашатын да, өзі екен.</i>	Қимылды ойын: «Өз затыңды тап» ойыны. Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Тіл ұстарту жаттығуы: <i>Үз – үз – үз,</i> <i>Жаңбырлы Күз.</i> <i>Рақ – рақ – рақ,</i> <i>Саулайды жапырақ.</i> <i>Ел – ел – ел,</i> <i>Соғады жел.</i> <i>Іс – іс – іс,</i> <i>Піседі жеміс.</i> <i>Дай – дай – дай,</i> <i>Жинаймыз бидай.</i>	«Жыл мезгілдері» ойыны Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау.	Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта». Ойын шарты: Педагог дыбысты айтады. Ал балалар дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтап берулері қажет. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, жауап берген бала келесі балаға басқа дыбысты айтады
Балалардың үйге қайтуы	Балалар үйге оралуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу.	Балалардың үйге оралуы. Балалардың жетістігі туралы айту.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Күн тәртібін сақтауды талап ету.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір 24. 04. – 28. 04. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><i>«Біз дәнбіз»</i> <i>Диқан жерге дән екті</i>(дән сепкен қимылды көрсетеді) <i>Сіркіреп, жаңбыр жауды</i>(қолдарын шапалақтайды) <i>Жер бетіне көгеріп, бидай шықты</i>(қолдарын жоғары көтереді) <i>Жайлап самал жел есті</i>(қолдарын ырғайды)</p>	<p><i>Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»</i> <i>Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды.</i> <i>Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды?</i> <i>Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды.</i> <i>Кіш, кіш, кіш...</i> <i>Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.</i></p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Құстарды ажырат»</i> <i>Бөлімі: Көркем әдебиет</i> <i>Мақсаты:</i> Құстарды танып білуге, оларды атап ажырата білуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту құстарды қорғауға тәрбиелеу. <i>Құралдар жабдықтар:</i> суреттер <i>Ойын барысы:</i> Құстардың суреті салынған картиналар және соған ұқсас суреттері беріледі, Балалар құстардың әрбір түріне, түстеріне көңіл аудара отырып, ерекше белгілері арқылы дәл осындай суреттерді табады.</p>	<p><i>Дидактикалық ойынның атауы: «Ертегіні жалғастыр»</i> <i>Мақсаты:</i> Балаларға таныс ертегіні жалғастыруға үйрету, ой-өрістерін дамыту. <i>Құрал – жабдықтары:</i> Ертегінің кейіпкерлерінің суреттері. <i>Ойынның барысы:</i> Педагог ертегі кейіпкерлерін үстелдің үстіне қояды, <i>(мысалы: шалқан, атасы, апасы, немересі)</i> балалар әрі қарай ертегінің атауын тауып, сол ертегіні жалғастыруы керек.</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Кемпірқосақ»</i> <i>Мақсаты:</i> Түстерді сезі- не білуін дамыту. Бейнені түсіне қарай таңдау іскерлігін дамыту <i>Құрал- жабдықтар:</i> Кемпірқосақ, түрлі карточкалар <i>Ойынның барысы:</i> Бұл ойынды балалар педагог пен бірге орындайды. Қағаз бетіне жеті түсті кемпірқосақ бейнеленген сурет салынады. Содан соң балалар жеті түсті кемпірқосақтың барлық түсінің реті бойынша және оған сәйкестендіре отырып орналастырады. Кімнің карточкасы түсі бойынша сәйкес келсе, сол бала заттық суретті сала алады.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p><i>Жылудық сәті:</i> <i>Қуан, шаттан, алақай!</i> <i>Қуанатын күн келді.</i> <i>Күліп шықты күн бүгін</i> <i>Қайырлы таң!</i> <i>Қайырлы күн</i></p>	<p><i>Жылудық сәті:</i> <i>Арым таза, ақ көңіл,</i> <i>Адалдыққа сенемін.</i> <i>Абыройлы ақ ниет,</i> <i>Адамдыққа сенемін!</i></p>	<p><i>Жылудық сәті:</i> <i>Біздің топта ұл-қыздар,</i> <i>Тату-тәтті ойнаймыз.</i> <i>Айналаға, бар адамға</i> <i>Тек мейірім сыйлаймыз.</i></p>	<p><i>Жылудық сәті:</i> <i>Сенде де бар жанұя,</i> <i>Үлкендер де кіші де,</i> <i>Жанұя бары шуақ қой,</i> <i>Қуаныш пен қуат қой!</i></p>	<p><i>Жылудық сәті:</i> <i>Ән салуға барамыз,</i> <i>Досымызды табамыз.</i> <i>Сәлемет пе!</i> <i>Міне мен!</i> <i>Доспын енді сенімен!</i></p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Ғарышкер ма-</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «Е» дыбысы мен әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыстарын естіп</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін да-</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балалардың логикалық ойлау,</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «В» дыбы-сымен және</p>

<p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>мандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу. Ж. Смақовтың «Мен зарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді. <i>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен зарышкер боламын!</i> <i>Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын.</i> <i>Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын.</i> <i>Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж. Смақов)</i> 2. Математика негіздері Міндеттері: Геометриялық фигуралардың атауымен (<i>шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ, тіктөртбұрыш және т.б.</i>) таныстыру және бекіту; осы фигураларды басқа пішіндердің арасынан табуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Заттардың мөлшерін, шамасын салыстыру. Керекті құралдар: Үлкен – кіші суреттер. Ойынның барысы: Балалар үлкен – кіші-</p>	<p>қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жекеайту. Сөздегі дыбыстарды, олардың <i>түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар)</i> ажыратып, дұрыс дыбыстау. Ойын: «Сөз тізбегі» Ойын шарты: Педагог допты балаға беріп бір сөз айтады. Бала педагог айтқан сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөзді айтып, допты келесі балаға береді. Ойын осылай жалғасын табады. Ойын барысында бірінші және ең соңғы дыбысты анық айтылуы шарт.</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Өлең мазмұнын түсіндіру арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өзін бағалай білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Мамандықты ата» Мақсаты: Мамандық иелерімен таныстыру, олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелей білуге үйрету. Құрал-жабдықтар: Маман иелерінің суреттері, құрал-жабдықтардың суреттері. Ойынның барысы: Сурет бойынша мамандықтардың аттарын, қызметін атау. (<i>Бұл – аспазы. Ол тамақ</i></p>	<p>мыту. Санды ажыратып атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «<i>Біреу және көп</i>» Мақсаты: «<i>Біреу және көп</i>» ұғымын ажырата алуға үйрету. Педагог балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді.</p> <p>2. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу. Ойын: «<i>Сипатынан тап</i>» Ойын шарты: Педагог балалармен ұйымдастырады. 1. Шикылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ... (<i>тышқан</i>) 2. Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті, тарта білсең әдемі әуен шығады – ... (<i>домбыра</i>) 3. Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді – ... (<i>шырша</i>) 4. Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ... (<i>қоян</i>)</p>	<p>есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «<i>Кел, ойнайық санамақ!</i>». Ойын шарты: Балаларды кеңістік қатынастарымен (<i>оң-сол, нестінде, астында, арасында</i>) таныстыру. Балалармен «<i>Не қай-да орналасқан?</i>» ойынын ойнау барысында есте сақтау қабілеттерін дамыту</p> <p>2. Көркем әдебиет Міндеттері: Кейпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Достарын құрметтеуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «<i>Отбасы мүшелерін ата</i>» Мақсаты: Отбасы мүшеріне қатысты әрекеттерді атауға үйрету. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру Құрал – жабдықтары: Отбасы мүшелерінің суреттері, карточкалар, қыстырғыштар. Ойын барысы: Әр отбасы мүшелері белгіленген суреттерге кімнің қандай әрекетпен айналысатынына байланысты әр түрлі еңбек әрекеттерін қыстыр-</p>	<p>әрпімен таныстыру. «<i>В</i>» дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу. Дыбыс-тық талдау жасай білуге дағдыландыру. Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «<i>Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос</i>» Ойын шарты: – Педагог балаларға сөздер айтады, балалар сол сөзге дауыс-сыз дыбыстан бастала-тын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап атайды. . Мысалы: <i>әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... киім), сүтті ... (сиыр), мома-қан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (бал-мұздақ), қалың... (кітап), жұқа... (мата), жұмсақ... (мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ...</i></p>
---	---	---	--	--	---

<p>кентай қонжықтарды анықтайды. Үлкен қонжықтарды бір жаққа, кішкентай қонжықтарды бір жаққа қою ұсынылады.</p> <p>3. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: Қоршаған ортаны танып-білуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту. Киіз үй мен оның жиһаздарының пайдасы жайлы түсіндіре отырып, балалардың зейіндерін дамыту. Киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу «Қай топ көп сөз айтады» ойыны. Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп: 1-топ киіз үй жабдықтарын, 2-топ киіз үй бөлшектерін атайды. Әр айтылған сөзге асық-ұпай беріледі. Асық қай топта көп болады, сол топ жеңімпаз атанады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмакезек орындау, қарапайым дене жаттығуларымен ұштастыру. Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақ-</p>	<p><i>пісіреді. Бұл – құрылысшы. Ол үй тұрғызады)</i></p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Меңгерген білім дағдыларын қайталау, бекіту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу. Ойын: <i>«Кім тапқыр»</i>. Ойын шарты: Аталған дыбыс бар буын, сөз құрайды. Мысалы: <i>әк- әке, әт- әтеш, әпәнке.</i> Сөзжұмбақ шештіру. Жауаптағы сөздердің бірінші және соңғы дыбысы «А». Балалар жауабын айтады 1 – отбасы мүшесі (ана). 2 – жеміс (алма). 3 – отбасы мүшелері (ата, аға). 4 – Иілсең иіліп, түйілесің түйіліп, Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне. (Айна)</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған муз-</p>	<p>5. Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ...<i>(ақ аю)</i></p> <p>3. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу. «Қ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталатады. Қа-қа-қа – қалам. Қо-қо-қо – қоян. Қы-қы-қы – қылыш. Құ-құ-құ – құлақ. Қи-қи-қи – қияқ. Қу-қу-қу – аққу. Дидактикалық ойын: <i>«Мамандықты анықта»</i>. Шарты: Суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Аяқ-қолын жинап жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, ептілікке, төзімділікке баулу. Педагогтің айтқанын бұлжытпай орындауға баулу, өз-өзін басқару мен кеністікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Өз денсаулығын сақтауға, салауатты өмір салтына үйрету.</p>	<p>Ғыш арқылы сәйкестендіру.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру. Ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Білімпаздыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: <i>«Не? Кім? Қайда?»</i> Ойын барысы: Балаларды ғажайып шеңбермен, жаңа сөздермен таныстыру. Ғажайып, ға-жайып. Шеңбер, шең-бер. Ұнай, ұ-най. Жеңіс, жең-іс. Сөздерді дұрыс айтып жаттығу. Ойын шарты: Балаларды топтарға бөлуге болады. Шеңберді айналдыру арқылы тапсырманы таңдайды. Тапсырманы орындаған балалар ұпай жинайды. Ойын соңында ұпайларын санап кімнің (қай топтың) жеңгенін анықтайды. Тапсырмаларды орындау барысында суреттерді атайды. <i>«Не? кім? Қайда?»</i> сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Мынау кім? Мынау – тәрбиеші.</p>	<p><i>(пышак), да-рынды ... (бала).</i></p> <p>2. Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: <i>«Гүлдерді күтеміз»</i> Мақсаты: Балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, көпсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Ойын шарты: Гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер</p>
--	---	---	--	--

	<p>тыру. Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция. Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды»</p> <p>Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра алмай қалған ойыншы жүргізуші болады.</p>	<p>ыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру.</p> <p>Ойын: «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын.</p> <p>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбыс-талуды қайталауды талап ету.</p>	<p>Ойын жаттығуы: «Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!».</p> <p>Допты жоғары лақтырып, қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққанда саусақтарын еркін ұстайды.</p>	<p>Тәрбиеші қайда жұмыс істейді?</p> <p>-Тәрбиеші балабақшада жұмыс істейді. Мынау – төсек. Балабақшада төсек бар.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыка сипатына сәйкес би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).</p> <p>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.</p>	<p>бойынша әнгімелету</p> <p>3.Мүсіндеу (сурет, жапсыру, құрастыру)</p> <p>Міндеттері: Ертегі әлеміне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету. Балаларды елестету арқылы таныс бейненің мүсінін жасау іскерліктерін жетілдіру; балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; әсемдікті сезіне білуге, сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тында да айт»</p> <p>Мақсаты: Айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.</p> <p>Құрал: Ағаш, металл қасықтар, доп, қағаз, кітап, суы бар стақан, қоңырау, кілттер. Балалар үстелдегі заттарды қарап алады. Сосын педагогке теріс қарап отырады, ал педагог заттардың дыбысын шығарады, балалар дыбысты танып толық жауап</p>
--	---	--	---	---	--

береді **«Бұл қоңыраудың сыңғыры»**

4.Дене шынықтыру
Міндеттері: Организмнің шынығуы мен төзімділігін нығайту үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп арттыра отырып дене жаттығуларын орындау. Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау. Түрлі спорттық ҰОҚ-тарға қажетті ресурстарды анықтау және оларды техника қауіпсіздігін ескере отырып қолдану

**«Қасқырға қақпан»
(қазақ халқының ойыны)**

Ойыншылар **2 топқа** бөлінеді.

1 топ қасқырға қойылған қақпан құрып, дөңгелене қол ұстасып тұрады.

Ал **2 топ** еңбектеп, қақпанның астынан кіріп-шығып аралап жүреді.

«Кәне, кәне, халайық, Қасқырға қақпан құрайық.

Кәне, қақпан берік бол,

Қасқыр, қасқыр, келіп көр»! – дегенде, бірінші топ қолдарын төмен баса қалады. Қақпан жабылды. Қақпанда қалып қой-

					ған қасқырлар ойынан шығады. Сосын командалар орындарын ауыстырып ойын жалғаса береді.
Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Саусақтар ойыны: «Барабанда ойнаймыз.» Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жа -зып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнай- мыз» деген педагогтың белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.	Қимылдық ойын: «Көкөністерден салат жасаймыз» ойыны. Мақсаты: Ойын барысында көкөніс - тердің атауын пысықтайды. Олардың адам үшін пайдасын ұғады.	Сөздік тақпақ: Қызыл алма, көк алма Қызыл алма, көк алма, Мен де алмайын, сен де алма. Бақшамызда көбейсін Дәрумендер-деді Алма	Саусақ гимнастикасы: «Біздер – ұстамыз». Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге» , ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.	Жұмбақ шешу: 1. Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшақ) 2.Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз) 3.Сымға асылып, Жүр асығып. Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не, ал кім біледі? (Троллейбус)
Балалардың үйге қайтуы	Балалар үйге оралуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу.	Балалардың үйге оралуы. Балалардың жетістігі туралы айту.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Күн тәртібін сақтауды талап ету.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 02. 05. – 05.05. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсе нбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел		Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін	Дидактикалық ойын: «Қысқы ойындарды ата» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыс-	Дидактикалық ойын: «Қандай көлік»	Дидактикалық ойын:«Түсі бойынша жина» Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, оларды таңдап алу,

<p>үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>		<p>көр- сетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңы- райды: Сиыр мәңірейді: Жылқы кісінейді: Түйе боздайды: Ешкі бақырады: Бұл ойында үй жануарларының жүрісін де салуға болады.</p>	<p>тағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру. Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері, қыстырғыштар. Ойынның барысы: Педагог балаларға суреттерді көрсете отырып, сұрақ қояды. Балалар суреттерді тауып, қыстырғышпен қыстырып, сұрақтарға жауап береді, әңгіме құрастырады.</p>	<p>Мақсаты: Көліктердің не үшін керектігі туралы білімдерін арттыру. Шарты: Көліктердің суреттерін көрсетіп, оның не үшін керектігін анықтау</p>	<p>бөлшектерден тұтасты құрастыру іскерлігін дамыту. Құрал-жабдықтары: Геометриялық пішіндер Ойынның барысы: Геометриялық пішіндерден түсі бойынша бірнеше бейнелерді жинайды</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>		<p>«Тілек тілеу» Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!</p>	<p>«Қайырлы таң» Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам!</p>	<p>«Сәлем беру» Көшелерден біз өткен, Ата көрсем жақын кеп, Сәлем берем ізетпен: Ассалаумағалейкум!» - деп. Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейлеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әжей?» - деп. Кім кезіксе көшеде, Таныс емес демеімін. Аға, тәте, көкеге «Сәлеметсіз бе?» - деймін.</p>	<p>«Жер анаға сәлем» Армысың шапағатты Күн Ана! Армысың қайырымды Аспан Ана! Армысың мейірімді Жер Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>		<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру. Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға» Ойын шарты: Педагог балаларға соңғы буынын</p>	<p>1. Математика негіздері Міндеттері: Балаларды салмағы бойынша көлемдерді салыстыруға үйрету. Сандарды бірін - бірінен ажырата бүліге үйрету. Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?» Ойынның шарты: Бөлме ішіндегі заттардың неге ұқсайтынын ажыратып, айта білуге үйрету. Балалармен бөлме ішіндегі пішіндерге ұқсас заттардың суретін салу дағдысын дамыту. Тапқырлыққа тәрбиелеу</p> <p>2. Сауат ашу негіздері</p>	<p>1. Математика негіздері Міндеттері: 10 көлеміндегі реттік және есептік санауды қайталау; 20 көлеміндегі сан сандар құрамын бекіту, саусақ қимылдарын дамыту. 20 көлемінде есеп шығару Дидактикалық ойын: «Көршісің тап» Ойын шарты: Балаларды «көрші сандар» ұғымымен таныстыру, реттік санаудың мағынасын ашу және 10 көлемінде реттік санау дағдыларын қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы сау-сақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Буынды қос» (доппен) – Ойын шарты: Балалар, шеңберге тұрады. Педагог буынды айтып, бір балаға допты лақтырады, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды</p>

	<p>айтпай сөздер айтады, балалар түсіп қалған буынды жалғап отырады.</p> <p>Мысалы: <i>сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң...ғақ, бақта...шы, қуыр...шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа...йық, қал...қан, ли...мон, апель...син, домбы...ра, дор...ба, жапы...рақ, көр...пе, көзілді...рік, кө...ше, көр...ші, көлең...ке, құр...дас, қалжың...бас, қай...мақ, те...мір, көй...лек, ше...лек, күнба...ғыс, күн...діз, тыр...нақ, те...ңіз, оқ...тау, бала...лар, қыз...дар, жолба...рыс, арыс...тан.</i></p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу.Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Достарын құрметтеуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Жылдам ойлан» Мақсаты: Ұл бала мен қыз бала ойнайтын ойындарын ажыратуға үйрету. Құралдар жабдықтар: ұл бала, қыз бала суреттері, карточкалар. Ойын барысы:Ұл бала, қыз бала суреттеріне қыстырғыш арқылы тиесілі жеке заттарын ажырата отырып орналастыру.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Жайлау туралы түсінік беру, қазақ тілін-</p>	<p>Міндеттері: «Ә» дыбысы мен әрпімен таныстыру. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру. Ойын: «Жалауды көтер» (дыбыс, буын, сөз). Ойын шарты: Педагог дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: <i>д,р,у, п, ш,н,у, к...</i> <i>Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур, ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....</i> <i>Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын.....</i></p> <p>Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.</p> <p>3.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Мақал-мәтел жаттау. 1.Еңбек – адамның екінші анасы. 2.Еріншек түске дейін ұйықтайды. 3.Жалқаулық – жаман ауру.</p> <p>Жұмбақ шешу: 1.Тоқыған ауы, Шыбынның жауы. (Өрмекші) 2.Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (Құмырсқа) 3.Тым ерте ұшып келетін, Үйіңе сенің кіретін,</p>	<p>2.Көркем әдебиет Міндеттері: Өлеңді көңілді, шабыттана оқуға баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігін құрметтеуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!» Мақсаты: Сөздік қорын молайту, тілін дамыту Құралдар жабдықтар: Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері Ойын барысы: Педагог балаларды бір – бірлеп ортаға шығарады, содан кейін кез келген суретті ұсынады, бала қолында ненің суретін ұстап тұрады, соны сипаттап айтып беру керек, ал қалған балалар не нәрсені сипаттап айтып тұрғанын тап керек.</p> <p>3.Қазақ тілі Міндеттері: Киіз үй жабдықтарының қазақша атауларымен таныстыру. Киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ- дық-дық – әдемі сандық. Қ-қ-қ-қ - мақ-мақ – сырмақ.</p> <p>Күйіз үй ішінің көрінісі бойынша ойын: «Қайтала, көрсет». Ойын шарты: Педагог киіз үй ішіндегі заттарды атайды,</p>	<p>қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(<i>ай- на, алты-бақан, ба-қа, май-мыл, жыл-қы, түйме- дақ,).</i> Ойынды өзгертуге болады.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проб-лемаларына аудару. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Міндеттері: Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.Байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту. Компьютер немесе планшетпен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауға дағдыландыру. «Сымсыз телефон» ойынын: Ойын шарты: Бастаушы бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізу керек.Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады.</p>
--	--	--	---	--

		<p>дегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Туған жердің табиғатының сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?».</p> <p>Ойынның мақсаты: Зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру.</p> <p>Ойынның шарты: Сөйлемді тыңдап, қатесін түзету.</p> <p>Мысалы: -Жайлауда таулар жоқ, – Жайлауда таулар бар.</p> <p>4.Музыка Міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыка сипатына сәйкес би қи-мылдарын қолданып, би ойластыру. Ойын арқылы балаларды ұйымшыл-дыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру.</p>	<p>Қасиетті құс деп айтатын, Балшықтан ұя жасайтын. (Қарлығаш)</p> <p>4.Дене шынықтыру Міндеттері: Қозғалыс кезінде бұлшық еттің қимылын түзету үшін сәйкес рефлекс-терді қалыптастыруды, жел-біршекті алдына лақ-тырып, ракеткамен ұшу траектория-сын алдыға қарай жоғары жаққа бағыттап ұруға үйретуді жалғастыру. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, көшбасшылыққа ұмтылу, ұстамдылық, тәртіпке баулу.</p> <p>Аз қимылдайтын ойын: «Сақау-мылқау» (тәжік халқының ойыны) Ойыншылар шеңберге тұрады. Бастаушы не оң жағындағы, не сол жағындағы балаға бір қимылды көрсетеді. Ал ол бала әрі қарай келесі балаға көрсетеді. Ойыншылардың мақсаты– біреуді сөйлету, немесе күлдіру. Ойында ең төзімді болған бала жеңеді.</p> <p>Міндеттері: Гимнастикалық қабырғаға әртүрлі өрмелей білуін жалғастыру; қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыта түсу. Қолдарын екі жаққа со-зып, арқасын алды-ға қаратып, иректеліп қойылған баумен жүру және динамикалық тепе-теңдік сақтауын дамыту. Ойындарға қызығушылығын арттырып,</p>	<p>балалар сөзді қайталап, суретін көрсетеді.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттама-сына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру. Ән арқылы балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қи-мылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру</p>	<p>Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтып, сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Айыбын тақпақ не өлең айтып өтейді.</p> <p>3.Құрастыру (Сурет, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Міндеттері: Табиғи материалдардан әртүрлі бейнелерді жасай білуді үйрету; жаңақтарды пайдаланып белгілі заттардың бейнесін жасай білу. -жұмыс жасау кезінде өз ой-қиялын дамыту; ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Үй туралы білімдерін кеңейту. Үй құрылысымен таныстыру. Шарты: Үйдің сұлбасын беру оған не жетпейтінін басқа суреттердің ішінен табу.</p> <p>4.Дене шынықтыру Міндеттері: Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.Өзін-өзі басқару, ұстаным мен еркін қимылдау сеніміне тәрбиелеу.</p>
--	--	--	--	--	--

			шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне, отбасымен салауатты өмір салтына құлшынуға баулу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орын алмастырыңдар». Ойын шарты: Залды ортасынан қақ бөлетіндей етіп арқан тасталады. Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді.		«Тыныс ал да, әдемі ойлан!» ойын жаттығуы. Балалар демін сыртқа шығарғанда ойша елестетеді. «Мен арыстандай айбаттымын!» «Мен ілбістей жүйрікпін!»
Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс		Саусақ ойындары: «Торғай» Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тойып ал, Сонда торғай тоңбайсың. Баламен жеке жұмыс (Жани)	Тіл ұстарту жаттығуларын қайталау. Ыр-ыр-ыр – жаттап алдым жыр. Ыр-ыр-ыр – айтылмайды сыр. Ай-ай-ай – болсын көңіл жай Баламен жеке жұмыс (Ерхат)	Саусақ ойындары: Тук-ток, тук-ток жұдырық балға сияқты соғады, Тук-ток, тук-ток екі қолмен ұрамыз, Тук-ток, тук-ток тақамең де соғамыз, Тук-ток, тук-ток тақалармең тарсылдатып, Тук-ток, тук-ток екі қолмең, екі аяқ. Баламен жеке жұмыс (Азиз)	«Түлкі мең тырна» ертегісін оқу Математикалық ойындар «Қандай сан?» «Қандай түс?» «Қай фигура?» Баламең жеке жұмыс (Далелхан)
Балалардың үйге қайтуы		Балалардың жетістігі туралы айту.	Ата-аналармең жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Күн тәртібін сақтауды талап ету.	Ата-аналармең жүргізілетін жұмыстар

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 10.05– 12 .05. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсе нбі	Сейсен бі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
------------------------------	------------------	------------------	-----------------	-----------------	-------------

<p>Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p><i>Дидактикалық ойыны: «Не артық?»</i> Ойын шарты: Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек. <i>Мысалы: нан, шай, май, тай – ... (тай)</i> <i>Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (тақ)</i> <i>Алма, шие, бөрік, өрік – ... (бөрік)</i> <i>Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (кес)</i></p>	<p><i>Сюжетті-рөлді ойын: «Құрылысшы»</i> Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызме-тімен таныстыру. Педагогтің іс-әрекеті: Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылыс-шылар салатынын түсін-діру. Ойын арқылы үй-лерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Өз үйіңді тап»</i> Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықты-ру; қабылдауын дамы-ту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар:Түрлі-түсті дөңгелектер. Ойын барысы:Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөң-гелектерінің түсі бой-ынша үлкен шеңбер-лер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>			<p><i>Жылулық шеңбер: «Қайырлы күн!»</i> Жарқырап күн де ашылады, Айналаға нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!</p>	<p><i>Жылулық шеңбер: «Жүректен жүрекке»</i> Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да, Достар бір-біріне Сенімді боламыз. 2 деген 2 дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын</p>	<p><i>Жылулық шеңбер: «Жер анаға сәлем»</i> Армысың шапағатты Күн Ана! Армысың қайырымды Аспан Ана! Армысың мейірімді ЖерАна! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>			<p>1.Математика негіздері Міндеттері: 10 көлеміндегі реттік және есептік санауды қайталау; 20 көлеміндегі сан сандар құрамын бекіту, саусақ қимылдарын дамыту. 20 көлемінде есеп шығару <i>Дидактикалық ойын: «Көршісін тап»</i> Ойын шарты: Балаларды «<i>көрші сандар</i>» ұғымымен таныстыру, реттік санаудың мағынасын ашу және 10 көлемінде реттік санау дағдыларын</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. <i>Дидактикалық ойын: «Заттарды сандармен сәйкестендіреміз»</i> Мақсаты: Реттік санауға үйрету. Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (<i>дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар</i>) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу. <i>Дидактикалық ойын-жаттығу «Жалауша»</i></p>

		<p>қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу Міндеттері: Балалардың логика-лық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Заттарды сандармен сәйкестендіреміз» Мақсаты: Реттік санауға үйрету. Суреттегі заттарды сандармен сәйкестендіруге үйрету</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «Ц» дыбысы мен әрпімен таныстыру. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды. 1. Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . . 2. Алма, алмұрт, жүзім, анар – . . . 3. Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз – . . . 4. Маржан, Ажар, Асыл, Ерке – . . .</p> <p>Міндеттері: Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру. Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Өнерлі болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Пішініне қара» Ойын шарты: Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: палатка, ферма, көбе-лек, қала, трактор, шахмат, са-ғыз, хат, циркуль, чемпион, щет-ка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б. Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстар-</p>	<p>2.Көркем әдебиет Міндеттері: Өлеңді көңілді, шабыттана оқуға баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігін құрметтеуге тәрбиелеу. Жұмбақты шеш: <i>Ұқсайтын шеңберге, Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)</i></p> <p>Міндеттері: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуін бекіту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Отансүйгіштікке, достыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Ойын шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетін не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс –әрекетін ажыратып айтады.</p> <p>3.Қазақ тілі Міндеттері: Қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Өнерді түсінуге, салт-дәстүрді құрметтей білуге тәрбиелеу. Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p>	<p>Ойын шарты: Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер» Ойын шарты: Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту. Компьютер немесе планшетпен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауға дағдыландыру. Міндеттері: Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. Бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Мақсаты: Балалар <i>мұғалім, дәрігер, құрлысшы, спортшыға</i> қажет құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету.</p>
--	--	---	--	--

		<p>дан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: вагон, балық гараж, галым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, гарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, гарышкер, жер, бал.</p> <p>Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, машина, радио, нарын, рауғаш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс</p> <p style="text-align: center;">3.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Міндеттері: Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. Үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қандай сөйлем екенін тап». Ойын шарты: Педагог сөйлемдер айтады. Балалар қандай сөйлем екенін табады.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Әже, сіз не істеп жатырсыз? – Ұстандар! Ұстандар! Ұста оны! – Күн шығып, дала нұрға бөленді. – Алманы үзген кім? – Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме! – Бақта жемістер өседі. <p style="text-align: center;">4.Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері: Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ептілікті, күштілікті, көпшілдік қасиеттерін дамыту.</p>	<p>Ү-ү-ү-ү – гүл – гүл, Қ-қ-қ-қ – қошқар – қошқармүйіз, Ұ-ұ-ұ-ұ – тұмарша – тұмарша. Сөздік ойын: «Ұйқасын тап» Медведь – ... (аю) , Орнамент –... (ою). Глаза – ... (көз), Слова – ... (сөз).</p> <p>Міндеттері: Көліктердің қазақша атауларымен таныстыру. Қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Білуге деген ынталарын арттыру Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Ойын шарты: Педагогті тыңдап, сөйлемнің дұрыстығын анықтайды да, дұрыс сөйлемді қайталайды. Мысалы: Автобус – көлік. Коньки – көлік. Ұшақ – көлік. Жылқы – көлік. Нұр-Сұлтанға трамваймен баруға болады.</p> <p style="text-align: center;">4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру. Ән арқылы балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Міндеттері: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен,</p>	<p>Ойын шарты: Суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екенін табу.</p> <p style="text-align: center;">3.Сурет</p> <p>(жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)</p> <p>Міндеттері: Балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Түстерін дұрыс тап» Мақсаты: Түстерді ажыратуға үйрету. Шарты: Гүлдергесу құю түсіне сай орналастыру</p> <p style="text-align: center;">4.Дене шынықтыру</p> <p>Міндеттері: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау. Секірудің алуан түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секіру.Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру. «Кім зейінді?» қимыл ойыны. Ойын шарты: Балалар спорт түрлері бойынша (қалауына қарай) топтарға бөлінеді.Капитандардың қолында доп (төрт капитан – төрт түсті доп). Ойыншылар залда жүгіріп жүреді, белгі берілгенде өз қатарына барып тізбекке тұрады. Көздерін жұмғанда, капитандар орын алмастырады. Белгі бойынша ойыншылар өз</p>
--	--	---	---	--

			<p>«Таудан-тауға» қимыл ойыны. Ойын шарты: Ойыншылар қасындағы көршісінің басына қолы жететіндей аралықта малдас құрып дөңгелектене отырады. Жетекші: «Таудан-тауға, тау-дан-тауға», – деп басынан тақиясын шешеді де, оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ол да тақияны өз көршісінің басына кигізеді. Жүргізуші кенеттен басын қолымен ұстап: «Тауға-тау-ға!» деп айтқанға дейін тақия бастан-басқа көшеді. Дәл осы кезде тақия кімнің басында болады, сол ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды. Міндеттері: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды кезек алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен ұштастыру. Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секіру. Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция.</p>	<p>уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Полька» (М. Крассев). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.</p>	<p>капитанын жылдам тауып, оның артына тізбекке тұруы тиіс</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау. Секірудің алуан түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секіру. Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру.</p>
Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс			<p>Тіл ұстарту: (л, р) <i>Ла, -ла, -ла - ол білімді бала</i> <i>Ла, -ла, -ла - салынып жатыр қала</i> <i>Ла, -ла, -ла - жайнап тұр зой дала</i> <i>Рет, -рет, -рет - бала салды сурет</i> Балалармен жеке жұмыс: (Азиз</p>	<p>«Р»-ға тілің келе ме? <i>Қаламқасқа «тұр», - деші,</i> <i>Қарындашқа «жүр», - деші.</i> <i>«Қара қарындашты</i> <i>Қаламқас алып тұр», - деші,</i> <i>Ал енді өзің-ақ</i> <i>«Р-р-р-р», - деші.</i></p>	<p>Саусақ жаттығулары: <i>Қауынды да алдық,</i> <i>Тең жартысын жардық</i> <i>Тілік-тілік жасап</i> <i>Ауызымызға салдық</i> <i>(Саусақ ұштарын біріктіріп сопақша жасау).</i></p>
Балалардың үйге қайтуы			Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Күн тәртібін сақтауды талап ету.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 15.05 - 19.05. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
-----------------------	----------	----------	----------	----------	------

<p>Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі. Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Педагогының қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету. Көрнекілік: доп Барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. Мысалы: «тан» десе, бала «кеш» деп жауап береді.</p>	<p>«Артығын тап» ойыны: Ойын шарты: Педагог балалармен ұйымдастырады. 1. Бас, қол, көз, қас, тас. (тас) 2. Алма, алмұрт, шие, бие. (бие) 3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) 4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім) 5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту Ойын барысы: Педагог қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстар- ды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: «Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші деп балаларды ойынға шақырады. Көрнекілігі: Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Шарты: Ойыншықтар-ды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады. Керекті құрал-жабдықтар: Ойыншықтар</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Жылулық сәті: Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.</p>	<p>Жылулық сәті: «Жүректен жүрекке» Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан.</p>	<p>Жылулық сәті: «Тілек тілеу» Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,</p>	<p>Жылулық сәті: «Қайырлы күн!» Жарқырап күн де ашылады, Айналаға нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн!</p>	<p>Жылулық сәті: «Шын жүректен» Ән салуға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне мен! Досын енді сенімен!</p>

		<i>Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</i>	<i>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!</i>	<i>Біз сүйкімді баламыз!</i>	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру. Достықты бағалай білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «<i>Дыбыстың орнын анықта</i>» (ауызша орындалады). Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «<i>Қ</i>» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек. «Қ» – қала, аққала, сандық. «М» – моншақ, отырмын, өшірдім.</p> <p>2. Математика негіздері Міндеттері: Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. Жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Жыл мезгілдерін және ай атауларын рет-ретімен атауға үйрету.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Дидактикалық жаттығу: «<i>Буындардан сөз құра</i>» –Ойын шарты: Педагог балаларға, буындар айтады, балалар сөз құрабылтындай екінші буынды айтады. Мысалы: <i>Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, картон, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, маймыл, жану-ар, жаңбыр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам</i></p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері: Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.Тілдік ойлау қабілеттерін дамыту. Өз Отанын сүйуге тәрбиелеу.</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. Жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Жыл мезгілдерін және ай атауларын рет-ретімен атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «<i>Қашан болады</i>» Мақсаты: Тәулік бөліктері туралы түсініктерін дамыту. Шарты суреттердігі баланың қай уақытты көрсетіп тұрғанын табу.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «<i>Ч</i>» дыбысы мен әрпімен таныстыру. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру. Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу. Міндеттері: Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. Дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту. Спортпен айналысу адам денсаулығы</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балаларға тәулік туралы мәлімет бері. Фигураларды тең бөліктерге бөлумен таныстырады, «жарты», «ши-рек» түсініктерімен таныстырады. Дидактикалық ойын: «<i>Қашан болады</i>» Мақсаты: Тәулік бөліктері туралы түсініктерін дамыту. Шарты: Суреттердігі баланың қай уақытты көрсетіп тұрғанын табу.</p> <p>2.Қазақ тілі Міндеттері: Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танып, білуге үйрету, халық ауыз әдебиеті арқылы тілдерін жетілдіру. Байқампаздық, салыстыру, жақсы қасиеттерді түсініп, өз ойларын айтуды дамыту. Қазақ ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлерден үлгі алуға тәрбиелеу. «Сандық» ойыны. Ойын шарты: Сандықта түрлі түсті асықтар.Балалар кезекпен асықты алады, түсін айтып, сәйкес қағазды көрсетеді. Әр түсте әртүрлі тапсырмалар. Балалар 3 топқа бөлінеді. Педагог түрлі түсті қима материалда-</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: «<i>Б</i>» дыбысы мен әрпімен таныстыру. «<i>Б</i>» дыбысы мен әрпімен таныстыру. Тілдің дыбыс-тарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру. «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны-мен оқу қызметін бастайды. 1. Спыр, ешкі, қой, жылқы – . . . 2. Тау, ағаш, гүл, тас – . . . 3. Қазан, қасық, кесе, тәрелке – . . . 4. Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – . . .</p> <p>2.Көркем әдебиет Міндеттері: Суретке қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Өлең мазмұнын түсініп айтуға баулу. Еліміздің адал азаматы болуға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!» Мақсаты: Сөздік қорын молайту, тілін дамыту Құралдар жабдықтар:</p>

<p><i>Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»</i> Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы білім-ерін кеңейту. Ойын шарты: Әр жыл мезгіліне тән өзгерістерді суретке қыстырғыштармен орналастыру</p> <p>3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. Бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту. Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру.</p> <p><i>Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»</i> Мақсаты: Балалар мұғалім, дәрігер, құрлысшы, спортшыға қажет құралдарды тауып қоюы керек. Балаларды тапқырлыққа үйрету. Ойын шарты: Суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екеннің табу.</p> <p>4. Дене шынықтыру Міндеттері: Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу. Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын</p>	<p><i>Дидактикалық ойын: «Кім? Не?»</i> Мақсаты: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: Әртүрлі суреттер Ойынның мазмұны: Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз екенін айтады. Жанды болса кім? Жансыз болса не? Сұрағы қойылады.</p> <p>3. Қазақ тілі Міндеттері: Жаз мезгілінің ерекшелігін қазақша айтуға үйрету. Жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Табиғатты сүйеге, аялауға тәрбиелеу. «Жалғастыр» ойыны. Ойын шарты: Балалар сөйлемдерді аяқтайды. Жазда ... (ыстық). Жазда гүл ... (көп). Жазда жидектер... (ніседі). Жаз айлары ... (маусым, шілде, тамыз). Жазда кемпірқосақ... (болады)</p> <p>4. Музыка</p>	<p>үшін пайдалы екенін ұғындыру.</p> <p><i>Дидактикалық ойын: «Жоғалған дыбыс»</i> Ойын шарты: Педагог балаларға суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасындар да допты кері бересіндер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і), ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ... (қ), ...омбыра (ө), ...екемет (т), ...ышақ (п), ...аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п).</p> <p>3. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр». Ойын шарты: Педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады. Мысалы: Тұл – ..., қо – , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол –</p>	<p>рын таратады. Балалар оларды түстеріне сәйкес біріктіреді. Қызыл түс. Жаңылтпаш жарысы. Жасыл түс. Мақал-мәтел жарысы. Сары түс. Ертегі жарысы. (балаларға таныс ертегілер: Шалқан, Қолғап, Екі лақ, Қарлығаш пен Дәуіт.) Ертегі кейіпкерлерін айтып, суретін табады. Ертегінің атын айту керек. Кейіпкерлер сөзін естеріне түсіру. Көк түс. Тақпақ жарысы.</p> <p>4. Музыка Міндеттері: Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау. Балаларды батырлыққа, жігерлілікке тәрбиелеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдыр-бекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды.</p>	<p>Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері Ойын барысы: Педагог балаларды бір – бірлеп ортаға шығарады, содан кейін кез келген суретті ұсынады, бала қолында ненің суретін ұстап тұрады, соны сипаттап айтып беру керек, ал қалған балалар не нәрсені сипаттап айтып тұрғанын таб керек.</p> <p>2.Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: Әр ұлт өкілдерінің ерекшелігі, өздерінің салт-дәстүрлері бар екенін ұлттар достығы жайлы түсінік қалыптастыру. Ұлт аралық достық туралы әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын толықтыру. Ұлтаралық татулыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. «Қоржынды асықпен толтырайық» ойын. Ойын шарты: Балалар оқу қызметінен алған әсерлерін айтып, асықты қоржынға салады. Көп асық салынса, «көп білдік» деген түсінік беріледі.</p> <p>3. Жапсыру (сурет, мүсіндеу, құрастыру)</p>
---	--	--	---	---

	<p>дамыту. Толеранттылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Өз ойын айтып жеткізе білу, қателескен жағдайда ескертуді дұрыс қабылдай білу қасиеттерін қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Қармақ» Ойын шарты: Ойынға қатысушылар шеңбер жасап тұрады. Ортаға ойын жүргізуші ұзын жіп ұстап шығады: – <i>Сен, есінеме, Аяқты көтер жоғары!</i> – деп ол ескертеді де, жіпті бар ұзындығымен жерге тигізбей бар күшімен айналдырады. Ойынға қатысушылар сақтанып тұрады. Жіп аяқтарының қасына келгенде тиіп кетпеу үшін секіреді.</p>	<p>Міндеттері: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды.</p>	<p>4.Дене шынықтыру Міндеттері: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. Секірудің алуан түрлерін орындау, өзгермелі жағдайларда секіру. Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау.</p> <p>«Қарлығаш» қимыл ойыны Ойын шарты: Бала санына қарай құрсаулар қойылады. Бұл қарлығаштардың үйі болады, ортасында қақпан бар. Ойынға қатысушылар қарлығаш болып залда әрі-бері жүгіреді, қанат қаққандай қолдарын самғап әдемі қимылдар жасайды. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш, біздің үйге ұшып кел!», – деп белгі берілген кезде тез үйді табады, үйді таппағандар қақпанға түседі.</p>		<p>Міндеттері: Түрлі геометриялық пішіндерден зат құрап жапсыруға үйрету. Қию тәсілдерін жетілдіре отырып жолдасымен бірге жоспарлап, пікірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру; балалардың ой-өрісін кеңейту; дербес іс-әрекетін дамыту; адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қысқы спорт түрлерін ата» Мақсаты: Қыс мезгіліндегі спорт түрлері туралы білімдерін кеңейту Шарты: Жасырынған суреттердің қандай спорт түрі екенін айту.</p> <p>4.Дене шынықтыру Міндеттері: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды кезектестіріп орындау, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру. Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция. Командалық ойындар-</p>
--	--	---	---	--	--

					дың рөлдері мен тәсілдерін қолдану. «Қарлығаштар мен қырандар» қимыл ойыны: Ойын шарты: Балалар қалауына қарай «Қарлығаштар» және «Қырандар» болып екі топқа бірігеді. Ойынға қатысушылар зал ортасында бір-біріне арқамен теріс қарап тұрады. Белгі берілгенде, «Қырандар» «қарлығаштарды» ұстайды және керісінше. Балалар саны артқан топ жеңеді.
Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Тіл ұстарту. Жаңылтпашты жаңылмай айт. Ас аспай, Бас аспаз. Ас асты , Жас аспаз. Іске іскер, Істі Іскер істер. Дидактикалық ойын. «Кім, не біледі?» Мақсаты: Балаларға күз туралы, күздің ерекшеліктерімен таныстыру.	Тауық тары жинапты, (Тары теру қимылын жасайды) Оны ешкімге қимапты. (Қолдарын айқастыру) Бөтекесін толтырып, (Бүйірлерін ұстау) Қамбасына құймапты. (Басын шайқау) Қыста тауық қақылдап, (Тауық сияқты дыбыс шығару) Тары іздеп жүр тақылдап. (Тауыққа ұқсап жүру) Баламен жеке жұмыс Ерхат	Д/ ойын. «Біз үй саламыз». Мақсаты: Балаларды ұжымдық қарым-қатынасқа үйрету. Саусақ жаттығу жаттау: Қауынды да алдық, Тең жартысын жардық Тілік-тілік жасап Ауызымызға салдық (Саусақ ұштарын біріктіріп сопақша жасау).	Саусақ жаттығу жаттау: Қауынды да алдық, Тең жартысын жардық Тілік-тілік жасап Ауызымызға салдық (Саусақ ұштарын біріктіріп сопақша жасау).	Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?» Мақсаты: Балалардың жан - жақты дамуына ықпал ету, сөздік қорын дамыту Баламен жеке жұмыс (Азиз)

Балалардың үйге қайтуы	Балалар үйге оралуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу.	Балалардың үйге оралуы. Балалардың жетістігі туралы айту.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Күн тәртібін сақтауды талап ету.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар
------------------------	--	---	-------------------------------------	---	-------------------------------------

Мектепалды даярлық тобының тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Мамыр айы 22. 05. – 25.05. 2023 ж.

Күн тәртібі кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: мектеп туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Балаларға мұғалімнің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Жағымды жағдай орнату. (сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<i>Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Ойын шарты:</i> Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. 1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... <i>(жидектер)</i> 2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... <i>(гүлдер)</i> 3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... <i>(жәндіктер)</i> 4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... <i>(малдар)</i> 5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... <i>(күн уақыты)</i>	<i>Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?»</i> Мақсаты: Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету. Ойын барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. Мысалы: Мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б Көрнекілігі: Үй және жабайы жануарлар суреттері	<i>Дидактикалық ойын: «Кері әрекетті айт»</i> Ойын шарты: Педагог балаларға сөйлем айтады, балалар сөйлемнің кері әрекетін тауып айтады. 1. Асан кірді, анам ... (шықты) 2. Анам құйды, Марат ... (төкті) 3. Айгүл жинады, Айсұлу... (шашты) 4. Әкем келді, ағам... (кетті) 5. Атам ашты, әжем... (жапты)	<i>Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?»</i> Мақсаты: Әрбір үй жануарларының төлдерінің аттары мен жабайы жануарлардың аттарын үйрету. Ойын барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. Мысалы: Мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б Көрнекілігі: Үй және жабайы жануарлар суреттері	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жылулық сәті: «Тату-тәтті отбасы»</i> Сенде де бар жанұя, Үлкендер де кіші де, Жанұя бары шуақ қой, Қуаныш пен қуат қой!	<i>Жылулық сәті: «Шын жүректен»</i> Ән салуға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне мен! Досын енді сенімен!	<i>Жылулық сәті: «Қайырлы күн!»</i> Жарқырап күн де ашылады, Айналаға нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!	<i>Жылулық сәті: «Тілек тілеу»</i> Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,	

			Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!	Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: <i>«Жаздың кезі көңілді»</i> тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу. Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату. Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Орнын тап».</i></p> <p>Ойын шарты: Дала құстары мен үй құстарын бөліп, әрқайсын өз орындарына орналастыру.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Міндеттері: Балаларға тәулік туралы мәлімет бері. Фигураларды тең бөліктерге бөлумен таныстырады, <i>«жарты»</i>, <i>«ширек»</i> түсініктерімен таныстырады.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Қашан болады»</i></p> <p>Мақсаты: Тәулік бөліктері туралы түсініктерін дамыту.</p> <p>Шарты: Суреттерді баланың қай уақытты көрсетіп тұрғанын табу.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту. Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту. Тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: <i>«Қарама-қарсы сөзді айт»</i></p> <p><i>Майлы – ... (майсыз).</i></p> <p><i>Сұйық – ... (қою).</i></p> <p><i>Ащы – ... (тұщы).</i></p> <p><i>Дәмді – ... (дәмсіз).</i></p> <p><i>Қатты – ... (жұмсақ).</i></p> <p><i>Ұнайды – ... (ұнамайды).</i></p> <p>Балалар қарама-қарсы сөздерді айтады</p> <p>2.Көркем әдебиет</p> <p>Міндеттері: Театрландырылған әрекеттерге баулу. Сөздік қорын байыту.Ертегілерге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Не артық?»</i></p> <p>Мақсаты:Балаларды суретке карап,оларды топтастыруға үйрету.</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеттері: Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Санды ажыратып білуге үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: <i>«Біреу және көп»</i></p> <p>Мақсаты: <i>«Біреу және көп»</i> ұғымын ажырата алуға үйрету. Педагог балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді</p> <p>2.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.</p> <p><i>«Кәне, тауып көр»</i></p> <p>дидактикалық ойыны</p> <p>Ойын шарты: Педагог балаларға сөз, буын, дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы сызбадан педагог не айтады соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көрсетеді. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызыл-</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту. Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу</p> <p><i>«Сөздің бірінші дыбысын айт»</i></p> <p>дидактикалық ойыны</p> <p>Ойын шарты: Педагог суреттер көрсетеді, – балалар суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтады. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.</p> <p>Мысалы: <i>өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек (ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү)</i></p> <p>– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауыс-</p>	

3.Қоршаған ортамен таныстыру

Міндеттері: Әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту. Батырларды аты-жөндерімен атап және олардың ерліктерін әңгімелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру. *«Жерде, әуеде, суда» ойыны.*

Шарты: *Жерде, әуеде, суда* қызмет ететін сар-баздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог *«Жерде»* деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. *«Әуеде»* деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. *«Суда»* дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді.

4. Дене шынықтыру

Міндеттері: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, мәнерлі сап түзу жүру түрлерін орындау. Кеңістікті, уақытты бағдарлай алу, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және

Көрнекіліктер: Әр түрлі бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: Үлгідей әр түрлі берілген суреттерден не артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, оларды жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді.

3. Қазақ тілі

Міндеттері: Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру. Қысқаша мәтін құруды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Білуге, ынталануға талпындыру. *«Айтылған дыбысқа сөз құра» ойыны.*

Ойын шарты: Әр қатардағы сұрақтың жауабы *«Қ»* дыбысынан басталады.

1. Біздің Отанымыз қалай аталады?
2. Оқу құралы (қарындаш)
3. Көгөніс (қызанақ)
4. Ұлттық баскиім (қалпақ)
5. Ыдыс (қазан)
6. Тұс, түр (қара)
7. Үй жануары (қой)

ған карточкалар таратып береді.

Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-, -діз.

3. Сөйлеуді дамыту

Міндеттері: Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату. Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. *«Сиқырлы суреттер»*

Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту

Ойынның құрал-жабдықтары: Әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

4. Дене шынықтыру

Міндеттері: Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа

ты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (к), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ)*

2. Көркем әдебиет

Міндеттері: Театрландырылған әрекеттерге баулу. Сөздік қорын байыту. Ертегілерге қызығушылығын тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын: *«Жақсы әдет» пен «Жаман әдет»*

Мақсаты: Балаларды *«жақсы» «жаман»* сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.

Ойын шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетін не туралы екенін айтып *«жақсы»* немесе *«жаман»* іс-

	<p>берілген қалыпта тепендікті сақтау ептілігін дамыту. Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету</p> <p>«Ғарышкерлер» қимыл-қозғалыс ойыны</p> <p>Ойын шарты: Балалар қол ұстасып шеңбер бойымен тақпақ айтып жүреді:</p> <p>«Зымыранмен зымыран, Ғарыштарға ұшамыз. 1-2-3 – кешіккенге орын жоқ!» дегенде балалар жерде сызылған зымырандарға отыруға тырысады. Әр зымыранда 5 дөңгелектен сызылады. Бұл – «саяхатшылардың» орны. Кешіккендер шеңбер құрып тұрады. Оларға басқа тапсырмалар, яғни жаттығулар орындатуға болады.</p>	<p>8. Түлкі қандай? (қу). Сұрақтардың жауабын тауып, тақтаға суреттерді іледі.</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Музыка арқылы батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру. Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, уақытында қослып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту. Музыка арқылы балалардың патриоттық сезімдерін ояту.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар музыка қойылғанда түрлі әрекеттер жасап ойнайды да, музыка біткенде тезірек орындарын тауып отырады, алақандарын шапалақтайды. Кешіккен бала айыбын өз өнерін көрсету арқылы өтейді.</p>	<p>дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу. Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Зал кеңістігін бағдарлай білу. Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына, ұйымдасушылыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Теңіз толқиды» қимыл ойыны</p> <p>Ойын шарты: Қатысушылар ара-сынан ойын бастаушы таңдап алынады. Қалғандары бір-бірінен бір қадам қашықтықта дөңгелене тұрады және әрқайсысы өз орнында шеңбер сызады. Бастаушы «теңіз толқиды» деп айтып ойыншыларды айнала «жы-лан» жүріспен жүреді де, балалар оның артынан бір-бірінен ұстап бір-тіндеп тізбек құра ереді. Бастаушы «теңіз тынышталды» деген кезде, балалар қолдарын жіберіп, өз орын-дарына қайта жүгіреді. Шеңберсіз қалған бала бастаушы болады</p>	<p>әрекетін ажыратып айтады.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Міндеттері: Өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып шеңбер».</p> <p>–Мынау – ғажайып шеңбер. Мынау не?</p> <p>–Ғажайып шеңбер. (Ғажайып шеңбер сөз тіркесін дұрыс айтып жаттығады).</p> <p>Ойын шарты: Балалар 2 топқа бөлінеді. 2 топ кезекпен шеңбердің тілін айналдыру арқылы ұяшықты анықтайды да, сол ұядағы хатқалта ішіндегі тапсырманы орындайды. Педагог әр жауапқа бір ұпай береді. Тақырыптарға байланысты кима не мазмұнды суреттер беріледі. Балалар қиналса, педагог сұрақтардың көмегімен толық жауап алуға тырысады. Балалар сұраққа кезекпен жауап береді</p> <p>4. Музыка</p> <p>Міндеттері: Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипатта-</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>масына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, ұнтаспада).</p> <p>Ұлдар қыздарды әдеппен биге шақырады. Бір қадам алға, бір қадам артқа орын ауыстыру, айналу, ұлдар отырып, қыздар ұлдарды айналады.</p>	
<p>Ойындар , дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс</p>	<p>Дидактикалық ойынның атауы: «Ертегіні жалғастыр» йнаушылар саны:8 бала Құрал – жабдықтары: Ертегінің кейіпкерлерінің суреттері. Ойынның барысы: Педагог ертегі кейіпкерлерін үстелдің үстіне қояды, (мысалы: шалқан, атасы, апасы, немересі) балалар әрі қарай ертегінің атауын тауып, сол ертегіні жалғастыруы керек .</p> <p>Баламен жеке жұмыс / Далелхана /</p>	<p>Көктем туралы тақпақ жаттау: Көктемде көңілді Құстар кеп жатқанда. Көктемде көңілді, Бақта да, бауда да.</p> <p>Ілгек, моншак арқылы жазу.</p> <p>Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Баламен жеке жұмыс (Жани</p>	<p>Жаңылтпаш: Асқат пен Мақсат Жамап-жасқан, Жасапты он шақты аспап. Соның ішіндегі Ақ сапты аспабы Жап-жақсы аспап.</p> <p>Баламен жеке жұмыс / Абинур /</p>	<p>Жұмбақ: 1.Аяғы біреу, қолы жоқ, Шиыр-шиыр жолы көп Өзі сөйлей білмейді. Салған ізі сөйлейді. (Қарандаш)</p> <p>2.Келтірер көп пайдасы Оқушының айнасы. (Парта)</p> <p>3.Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (Кітап)</p> <p>Қол моторикасын дамытуға арналған ойындары.</p> <p>Баламен жеке жұмыс</p>	

				<i>/Ерхам/</i>	
Балалардың үйге қайтуы	Балалар үй-ге оралуы.	Балалардың жетістігі туралы айту.	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Үйге оралуы. Күн тәртібін сақтауды талап ету.	